ҒТАМР 02.31.21 https://doi.org/10.26577/jpcp97320263

М.Б. Муратбеков[1], В.Н. Белов[2], Б.М. Божбанбаев[3*]

[1] Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
[2] Патрис Лумумба атындағы Ресей халықтар достығы университеті, Мәскеу, Ресей
[3] Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Алматы, Қазақстан
*e-mail: bbozhbanbaev@mail.ru

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МҰРАСЫН ҚАЙТА ПАЙЫМДАУ: ӘЛЕМДІК МӘДЕНИЕТТЕГІ ИСЛАМ РЕНЕССАНСЫНЫҢ КӨРНЕКТІ ОЙШЫЛЫ

Бұл мақалада әл-Фарабидің философиялық жүйесінің қалыптасуы мен оның тарихи-философиялық контекстегі орны талданады. Зерттеу барысында ойшылдың интеллектуалдық мұрасы антикалық философия дәстүрімен және исламдық өркениет кеңістігіндегі ғылыми трансформациялармен сабақтастықта қарастырылады. Автор әл-Фарабидің ілімін тек түсіндірмелік немесе компилятивтік сипаттағы еңбек ретінде емес, рационалдық әлеуметтік тәртіптің нормативтік теориясы ретінде пайымдайды. Мақалада бақыт (сa'ада), ақыл ('aql), қайырымды басқару және азаматтық қауымдастық ұғымдарының өзара жүйелік байланысы көрсетіледі. Сонымен қатар әл-Фараби философиясының кейінгі еуропалық рационалистік дәстүрлермен құрылымдық үндестігі салыстырмалы талдау негізінде айқындалады.

Зерттеудің мақсаты – әл-Фарабидің философиялық мұрасын тарихи-философиялық тұрғыдан қайта пайымдау және оның Шығыс пен Батыстың интеллектуалдық дәстүрлері арасындағы сабақтастықты қалыптастырудағы рөлін анықтау. Зерттеу барысында тарихи-философиялық, салыстырмалы және мәтіндік талдау әдістері, сондай-ақ ойшыл мұрасының әлеуметтік-мәдени контекстін зерделеу тәсілі қолданылды. Зерттеу нәтижелері әл-Фараби философиясының этика, таным, саясат және қоғам мәселелерін өзара байланыстыратын тұтас теориялық жүйе қалыптастырғанын көрсетеді. Оның ізгі қала, бақыт, ақыл және ізгі басқару туралы тұжырымдары жеке адамның кемелденуі мен қоғамдық тәртіптің өзара байланысын негіздейді. Әл-Фараби идеяларының кейінгі исламдық және еуропалық философиялық ойға ықпалы оның мәдениетаралық интеллектуалдық диалогтағы маңызын айқындайды. Зерттеу нәтижесінде әл-Фараби еңбектерінің тек тарихи маңызға ие емес, қазіргі әлеуметтік-философиялық дискурста да теориялық әлеуеті бар екендігі негізделеді.

Түйін сөздер: әл-Фараби, рационализм, бақыт, ақыл, қайырымды қала, саяси философия, ислам философиясы, тарихи-философиялық талдау.

M.B. Muratbekov[1], V.N. Belov[2], B.M. Bozhbanbayev[3*]

[1]Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
[2]Patrice Lumumba Peoples' Friendship University of Russia (RUDN University), Moscow, Russia
[3]Temirbek Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, Almaty, Kazakhstan
*e-mail: bbozhbanbaev@mail.ru

Rethinking the philosophical legacy of Abu Nasr Al-Farabi: an outstanding thinker of the Islamic renaissance in world culture

This article examines the formation of al-Farabi's philosophical system and its position within the broader historical-philosophical context. The thinker's intellectual legacy is analyzed in relation to the classical Greek philosophical tradition and the transformations of knowledge within Islamic civilization. The study interprets al-Farabi's thought not merely as a body of commentaries or compilative works, but as a coherent normative theory of rational social order. Particular attention is given to the systematic interrelation of happiness (sa'ada), intellect ('aql), virtuous governance, and civic association. A comparative analysis also identifies structural affinities between al-Farabi's philosophy and subsequent European rationalist traditions.

The aim of the study is to reassess al-Farabi's philosophical legacy from a historical-philosophical perspective and to determine his role in establishing intellectual continuity between Eastern and Western philosophical traditions. The research employs historical-philosophical, comparative, and textual analysis, together with an examination of the sociocultural context in which al-Farabi's ideas were formulated and subsequently received. The findings demonstrate that al-Farabi's philosophy constitutes an integrated theoretical system connecting questions of ethics, knowledge, politics, and social organiza-

 © 2026 Al-Farabi Kazakh National University

tion. His concepts of the virtuous city, happiness, intellect, and virtuous governance reveal the interdependence between human moral perfection and the rational organization of society. Examination of the reception of al-Farabi's ideas in later Islamic and European philosophical traditions further demonstrates his importance as an intermediary in intercultural intellectual exchange. The study therefore argues that al-Farabi's intellectual legacy possesses not only enduring historical significance but also considerable theoretical potential for contemporary social and political philosophy.

Keywords: Al-Farabi, rationalism, happiness, intellect, virtuous city, political philosophy, Islamic philosophy, historical-philosophical analysis.

М.Б. Муратбеков[1], В.Н. Белов[2], Б.М. Божбанбаев[3*]

[1]Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан
[2]Российский университет дружбы народов имени Патриса Лумумбы, Москва, Россия
[3]Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова, Алматы, Казахстан
*e-mail: bbozhbanbaev@mail.ru

Переосмысление философского наследия Абу Насра аль-Фараби: выдающийся мыслитель исламского ренессанса в мировой культуре

В статье рассматривается формирование философской системы аль-Фараби и ее место в историко-философском контексте. Интеллектуальное наследие мыслителя анализируется в связи с античной философской традицией и трансформациями научного знания в пространстве исламской цивилизации. Автор интерпретирует учение аль-Фараби не только как совокупность комментариев или компилятивных разработок, но и как целостную нормативную теорию рационального социального порядка. Особое внимание уделяется системной взаимосвязи категорий счастья (сa'ада), разума ('aql), добродетельного управления и гражданского сообщества. Кроме того, посредством сравнительного анализа выявляются структурные параллели между философией аль-Фараби и последующими европейскими рационалистическими традициями.

Цель исследования заключается в историко-философском переосмыслении наследия аль-Фараби и определении его роли в формировании интеллектуальной преемственности между восточной и западной философскими традициями. В исследовании применяются историко-философский, сравнительный и текстуальный методы анализа, а также подход, ориентированный на изучение социокультурного контекста формирования и рецепции философских идей мыслителя. Результаты исследования показывают, что философия аль-Фараби представляет собой целостную теоретическую систему, объединяющую проблемы этики, познания, политики и общественного устройства. Его концепции добродетельного города, счастья, разума и добродетельного управления раскрывают взаимосвязь нравственного совершенствования человека и рациональной организации общества. Рассмотрение рецепции идей аль-Фараби в последующей исламской и европейской философии позволяет определить его значение как посредника в межкультурном интеллектуальном диалоге. В результате обосновывается, что наследие аль-Фараби сохраняет не только историческое, но и теоретическое значение для современного социально-философского дискурса.

Ключевые слова: аль-Фараби, рационализм, счастье, разум, добродетельный город, политическая философия, исламская философия, историко-философский анализ.

Кіріспе

Әбу Насыр әл-Фараби әлемдік философия мен ғылым тарихында айрықша орын алатын көрнекті ойшылдардың бірі. Оның ғылыми-философиялық мұрасы бірнеше ғасыр бойы зерттеліп, әртүрлі ғылыми және мәдени дәстүрлер аясында жан-жақты зерделеніп келеді. Әл-Фараби еңбектерін қазақ және орыс тілдеріне аудару, оның философиялық идеяларын ғылыми ортада насихаттау бағытында елеулі жұмыстар атқарылғанына қарамастан, ойшыл мұрасын зерттеудің мазмұны мен тереңдігі жекелеген кезеңдерде жеткілікті деңгейде дамымады. 1970-жылдардан кейін әл-Фараби мұрасын зерттеу саласында жаңа ғылыми бағыттардың қалыптасуы баяулады, ал оның еңбектері негізінен белгілі бір мамандандырылған ғылыми орта шеңберінде қарастырылды. Кеңестік гуманитарлық ғылым жағдайында әл-Фарабидің әлеуметтік-философиялық көзқарастарына басымдық беріліп, оның дүниетанымының жекелеген қырлары сол кезеңдегі үстем идеологиялық және ғылыми ұстанымдар тұрғысынан түсіндірілді.

Сонымен бірге әл-Фарабидің философиялық жүйесі мен оның еуропалық ғылым мен философиялық ойдың дамуына ықпалының ауқымы аса кең. Оның еңбектері ортағасырлық Еуропаға антикалық грек философиясының негізгі идеяларымен танысуға мүмкіндік берді. Осы тұрғыдан алғанда, әл-Фарабидің шығармалары мен философиялық тұжырымдары арабтілді Шығыс әле-

мінде ғана емес, Еуропада да кеңінен танылды. Оның философия, логика, этика, саяси теория, музыка және математика салаларындағы идеялары бүгінгі күнге дейін өз ғылыми-теориялық маңызын жоғалтқан жоқ. Осыған байланысты әл-Фарабидің философиялық мұрасы Шығыс пен Батыс арасындағы мәдени және ғылыми-интеллектуалдық диалогтың маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады.

Осы мақалада әл-Фараби еңбектерінің еуропалық ғылым мен философиялық ойдың дамуына ықпалы, сондай-ақ оның философиялық мұрасын зерттеудің тарихи кезеңдері мен осы бағытта қалыптасқан негізгі ғылыми жетістіктер қарастырылады.

Әдебиеттерге шолу

Әл-Фарабидің философиялық мұрасын зерттеу тарихи-философиялық ғылымдағы ұзақ уақыт бойы қалыптасқан және бірнеше өзара байланысты ғылыми бағыттарды қамтитын зерттеу салаларының бірі болып табылады. Қолданыстағы еңбектерде ойшылдың философиялық көзқарастары, оның исламдық рухани-интеллектуалдық дәстүрмен байланысы, ғылыми мұрасы, этикалық және әлеуметтік-философиялық идеялары, сондай-ақ әл-Фараби мұрасын зерттеудің тарихи қалыптасуы әртүрлі ғылыми тұрғыдан қарастырылған. Осыған байланысты фарабитанудың даму ерекшеліктерін отандық, ресейлік және қазіргі халықаралық зерттеу бағыттарының сабақтастығы негізінде қарастыруға болады.

Әл-Фараби мұрасын зерттеудің бастапқы бағыттарының бірі оның философиялық көзқарастарының исламдық рухани және интеллектуалдық дәстүрмен арақатынасын анықтауға байланысты қалыптасты. А. Баширов әл-Фарабидің сопылықпен байланысын англо-американдық шығыстанушылар еңбектерінің негізінде қарастырып, ойшыл мұрасының әртүрлі шығыстанулық түсіндірмелерін талдауға назар аударды (Баширов, 1974). А. Мұхамедқожаев әл-Фараби мен сопылық арасындағы байланысты арнайы зерттеп, оның философиялық көзқарастарының рухани-мәдени контекстін ашуға үлес қосты (Мұхамедқожаев, 1974). Аталған зерттеулердің маңызы әл-Фараби дүниетанымын тек рационалдық философия шеңберінде емес, ортағасырлық исламдық рухани кеңістіктің құрамдас бөлігі ретінде түсіндіруімен сипатталады.

Қазақстандық фарабитанудың қалыптасуында А. Машановтың зерттеулері ерекше орын алады. Оның «Әл-Фараби және Абай» еңбегінде екі ойшылдың рухани-философиялық мұрасы сабақтастық тұрғысынан қарастырылып, әл-Фараби идеяларының қазақтың философиялық ойлау дәстүрімен байланысына назар аударылады (Машанов, 1994). Бұл бағыт әл-Фараби мұрасын тек ортағасырлық ислам философиясының феномені ретінде емес, қазақтың рухани және интеллектуалдық тарихымен байланыстыра зерттеуге мүмкіндік берді.

М.С. Бурабаев әл-Фараби ілімінің бұрынғы философиялық дәстүрлермен арақатынасын қарастырып, оның философиялық идеяларының тарихи сабақтастығын айқындауға үлес қосты (Бурабаев, 1985). Бұл зерттеу әл-Фараби философиясының қалыптасуын жеке тарихи құбылыс ретінде емес, антикалық және ортағасырлық философиялық ойдың өзара сабақтастығы аясында түсінудің маңызын көрсетеді. Осы тұрғыдан Бурабаевтың еңбегі әл-Фараби философиясының кейінгі интеллектуалдық дәстүрлерге ықпалын зерттеу үшін теориялық негіздердің бірі болып табылады.

М.М. Хайруллаевтың «Әбу Насыр әл-Фараби» атты еңбегі ойшылдың философиялық және ғылыми мұрасын жүйелі тарихи-философиялық тұрғыдан зерделеуімен ерекшеленеді (Хайруллаев, 1982). Зерттеуде әл-Фарабидің философиялық жүйесі мен оның кейінгі исламдық философияның дамуына ықпалы қарастырылады. Осы еңбектің ғылыми маңыздылығы әл-Фарабидің шығармашылығын жекелеген философиялық тұжырымдардың жиынтығы ретінде емес, кейінгі интеллектуалдық дамуға ықпал еткен тұтас философиялық жүйе ретінде пайымдауымен байланысты.

Фарабитанудың қалыптасуында әл-Фараби шығармаларын ғылыми айналымға енгізу және оның мұрасын жүйелі түрде жариялау да маңызды рөл атқарды. А. Нысанбаев пен Г. Құрманғалиеваның құрастыруымен жарық көрген «Әл-Фараби философиясы: жиырма томдық» басылымы ойшылдың философиялық мұрасын кең көлемде таныстыруға бағытталған ірі ғылыми жұмыстардың бірі болып табылады (Нысанбаев & Құрманғалиева, 2005). Бұл басылым әл-Фарабидің философия, логика, этика, саясат және ғылым мәселелеріне қатысты идеяларын өзара байланысты философиялық мұра ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі қазақстандық фарабитануда ойшыл мұрасының жекелеген қырларын тереңдетіп зерттеу жалғасуда. А. Хаван әл-Фарабидің діни көзқарастарын зерттеудің тарихына назар ауда-

рып, осы бағыттағы ғылыми ізденістердің қалыптасуын қарастырады (Хаван, 2019). З. Сандибаев әл-Фарабидің этикалық философиясын зерттей отырып, оның моральдық көзқарастары мен адамгершілік мәселелеріне қосқан үлесін талдайды (Сандибаев, 2022). П.М. Сүлейменов пен Е.Б. Молларбек әл-Фараби идеяларын ежелгі түркі руханияты және қоғамдық ой сабақтастығы тұрғысынан қарастырады (Сүлейменов & Молларбек, 2023). Аталған еңбектер қазіргі фарабитануда әл-Фараби мұрасын діни, этикалық және түркілік мәдени контексттермен сабақтастыра зерттеудің жалғасып отырғанын көрсетеді.

Соңғы зерттеулерде әл-Фараби философиясының қазіргі білім беру, адам және түлғаның қалыптасуы мәселелерімен байланысына да назар аударылуда. «Әбу Насыр әл-Фараби дәуіріндегі білім беру туралы көзқарастар» атты еңбекте ойшылдың білім беру жөніндегі тұжырымдары қарастырылса, М.Н. Хасанов әл-Фарабидің ғылыми-философиялық мұрасының қазіргі заманда кемел адамды тәрбиелеудегі маңызын талдайды («Әбу Насыр әл-Фараби дәуіріндегі білім беру туралы көзқарастар», 2024; Хасанов, 2025). «Әл-Фарабидің адамзат туралы көзқарасы: философиялық мұраны синергиялық тұрғыдан зерделеу» атты еңбекте ойшыл философиясындағы адам мәселесін қазіргі тұрғыдан қайта пайымдауға талпыныс жасалған («Әл-Фарабидің адамзат туралы көзқарасы», 2024). Бұл зерттеулер әл-Фараби философиясының тарихи маңызымен қатар, оның қазіргі әлеуметтік-гуманитарлық проблемаларды пайымдаудағы әлеуетін көрсетеді.

Фарабитанудың даму тарихын кеңірек тарихи-философиялық контексте түсіндіруде Н.С. Кирабаевтың зерттеуі ерекше мәнге ие. Ғалым XX–XXI ғасырлар тоғысындағы Ресейдегі тарихи-философиялық арабистиканың даму ерекшеліктерін талдап, араб-мұсылман философиясын зерттеудің негізгі бағыттары мен ғылыми тәсілдеріндегі өзгерістерді көрсетеді (Кирабаев, 2021). Бұл еңбек әл-Фараби мұрасын жеке бір ойшылдың шығармашылығы шеңберінде ғана емес, араб-мұсылман философиясын зерттеудің кең тарихи-философиялық контексті құрамында қарастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл тәсіл фарабитанудың әр кезеңіндегі ғылыми қызығушылықтардың өзгеруін тарихи тұрғыдан бағалауға негіз болады.

Қазіргі философиялық зерттеулердегі адам, еркіндік және жауапкершілік мәселелері әл-Фарабидің этикалық және әлеуметтік-философиялық көзқарастарымен сабақтастыра қарастырылуы мүмкін. Н.С. Кирабаев пен А.В. Хрячков еркіндікті философиялық мәселе ретінде қарастырып, оны адамның таңдауы, жауапкершілігі және қоғамдық қатынастарымен байланыстырады (Кирабаев & Хрячков, 2025). Бұл зерттеу әл-Фарабидің адам кемелдігі, рационалдық таңдау және ізгі қоғам туралы идеяларын қазіргі философиялық проблематикамен салыстыра зерделеу үшін қосымша теориялық негіз береді.

Осылайша, қолданыстағы әдебиеттерді талдау әл-Фараби мұрасының негізгі бағыттарының едәуір зерттелгенін көрсетеді. Зерттеулерде оның сопылық және исламдық рухани дәстүрлермен байланысы, діни және этикалық көзқарастары, философиялық жүйесі, ғылыми мұрасы, адам мен қоғам туралы тұжырымдары, білім беру идеялары және түркілік рухани сабақтастықтағы орны қарастырылған. Сонымен бірге әл-Фараби мұрасын зерттеудің тарихи-философиялық және арабистикалық контексті де қалыптасқан.

Сонымен бірге жүргізілген әдебиеттерді талдау бірқатар ғылыми мәселелердің әлі де жүйелі түрде қарастыруды қажет ететінін көрсетеді. Қолданыстағы зерттеулердің елеулі бөлігі әл-Фараби философиясының нақты бір қырын – этика, дін, сопылық, адам, білім беру, түркілік руханият немесе философиялық жүйе мәселелерін – жеке зерттеу нысаны ретінде қарастырады. Ал әл-Фарабидің философиялық және ғылыми идеяларының **еуропалық** ғылым мен философиялық ойдың дамуына ықпалын Шығыс пен Батыс арасындағы интеллектуалдық байланыстар, ғылыми білімнің берілуі және философиялық идеялардың тарихи трансформациясы тұрғысынан өзара байланыста қарастыру мәселесі осы зерттеу үшін маңызды ғылыми проблема ретінде айқындалады.

Осы зерттеудің жаңалығы әл-Фараби мұрасын тек исламдық немесе түркілік философиялық дәстүр аясында сипаттаумен шектелмей, оны Шығыс пен Батыс арасындағы ғылыми-интеллектуалдық ықпалдастықтың тарихи феномені ретінде кешенді пайымдауға ұмтылуымен байланысты. Мақалада әл-Фарабидің философиялық және ғылыми идеяларының еуропалық интеллектуалдық кеңістікке ықпалы оның мұрасын зерттеудің тарихи кезеңдерімен өзара байланыста қарастырылады. Сонымен бірге әл-Фараби философиясының ғылымдарды жүйелеу, рационалдық ойлау және философиялық білімді беру үдерістеріндегі маңызы айқындалады. Осы тұрғыдан зерттеу бұрынғы фарабитанулық еңбектерде жекелеген түрде қарастырылған ба-

ғыттарды өзара байланыстырып, әл-Фарабидің әлемдік философия мен ғылым тарихындағы орнын тұтас тарихи-философиялық контексте қайта пайымдауға бағытталған.

Зерттеу әдіснамасы

Әбу Насыр әл-Фарабидің философиялық мұрасын зерделеу оның ғылыми және философиялық көзқарастарының қалыптасу ерекшеліктерін, тарихи ықпалын және кейінгі интеллектуалдық дәстүрлердегі қабылдануын кешенді түрде қарастыруды талап етеді. Осыған байланысты зерттеуде өзара сабақтас бірнеше негізгі әдіс қолданылды.

Біріншіден, тарихи-философиялық талдау әдісі әл-Фараби өмір сүріп, шығармашылық қызмет атқарған тарихи-мәдени ортаны, сондай-ақ оның философиялық идеяларының кейінгі ойшылдар мен ғылыми дәстүрлердің дамуына ықпалын анықтауға мүмкіндік береді. Осы мақсатта оның «Азаматтық саясат», «Бақытқа жету туралы» және «Мемлекет қайраткерінің нақыл сөздері» сияқты негізгі еңбектерінің мазмұны талданып, олардың философиялық және саяси ойдың қалыптасуындағы орны айқындалады.

Екіншіден, салыстырмалы талдау әдісі әл-Фарабидің философиялық тұжырымдарын Шығыс және Батыс ойшылдарының идеяларымен салыстыра қарастыруға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, оның мемлекет пен қоғам туралы көзқарастары Платон мен Аристотельдің ілімдерімен, сондай-ақ кейінгі кезеңдегі Никколо Макиавелли мен Барух Спинозаның саяси-философиялық тұжырымдарымен салыстырылады.

Үшіншіден, мәтіндік талдау әдісі әл-Фараби еңбектерінің мазмұндық және ұғымдық ерекшеліктерін анықтауға, оның философиялық идеяларының әртүрлі тарихи-мәдени жағдайларда қалай түсіндіріліп, бейімделгенін зерделеуге бағытталды. Бұл ретте ойшыл шығармаларының әртүрлі тілдерге аударылуы және олардың еуропалық философиялық ойдың дамуына ықпалы да назарға алынды.

Төртіншіден, зерттеуде әлеуметтік-мәдени контекст талдау тәсілі қолданылды. Оның аясында әл-Фараби идеяларының ислам өркениетінің интеллектуалдық дамуына, сондай-ақ Еуропадағы философия мен ғылымның қалыптасуына ықпалы қарастырылады. Бұл тәсіл ойшыл мұрасының әртүрлі мәдени және тарихи дәстүрлерде қабылдануы мен қайта түсіндірілу ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Осылайша, әл-Фарабидің философиялық мұрасын зерттеуде тарихи-философиялық, салыстырмалы және мәтіндік талдау әдістерін әлеуметтік-мәдени контекст зерделеумен үштастыру оның әлемдік философия мен мәдениеттің дамуына қосқан үлесін неғұрлым терең әрі жүйелі түрде пайымдауға негіз болады.

Нәтижелер және талқылау

Зерттеу нәтижелері әл-Фарабидің философиялық және ғылыми мұрасының тарихи маңызын тек оның өмір сүрген дәуірімен шектеуге болмайтынын көрсетеді. Ойшылдың философиялық идеялары кейінгі интеллектуалдық дәстүрлерде әртүрлі деңгейде қабылданып, қайта түсіндіріліп, жаңа тарихи-мәдени жағдайларға бейімделді. Осы тұрғыдан алғанда, әл-Фараби мұрасының ықпалын оның жеке философиялық тұжырымдарының таралуымен қатар, философиялық білімді жүйелеу, ғылыми ұғымдарды қалыптастыру және Шығыс пен Батыс арасындағы интеллектуалдық байланыстардың дамуымен сабақтастықта қарастыру қажет.

Әл-Фараби философиялық жүйесінің қалыптасуы және антикалық мұраның сабақтастығы

Зерттеу барысында әл-Фараби философиясының қалыптасуында антикалық грек философиясының, ең алдымен Платон мен Аристотельдің мұрасының шешуші рөл атқарғаны анықталды. Әл-Фараби антикалық философиялық идеяларды жай ғана қайталап қоймай, оларды исламдық интеллектуалдық орта жағдайында қайта пайымдап, философия, логика, этика, саясат және ғылым мәселелерін өзара байланыстыратын тұтас жүйе қалыптастырды.

Әсіресе оның мемлекет, қоғам және адам кемелдігі туралы көзқарастарында Платон мен Аристотель философиясының ықпалы айқын байқалады. Алайда әл-Фарабидің философиялық ұстанымдары антикалық идеялардың механикалық жалғасы емес. Ол философиялық білімді ислам өркениетінің әлеуметтік және рухани жағдайларымен үштастырып, ізгі қоғам мен кемел адамның қалыптасуын ақыл-ой, білім және моральдық ізгілікпен байланыстырды.

Бұл ерекшелік әл-Фарабидің философиялық мұрасының кейінгі интеллектуалдық дәстүрлер үшін маңызын айқындайды. Оның философиясы бір жағынан антикалық мұраны сақтаушы және түсіндіруші қызмет атқарса, екінші жағынан оны жаңа мәдени ортада дамытушы интеллектуалдық механизм ретінде көрінді.

Ғылымдарды жүйелеу және білімнің құрылымдық ұйымдастырылуы

Зерттеудің маңызды нәтижелерінің бірі – әл-Фарабидің ғылымдарды жіктеу түжырымдамасының оның жалпы философиялық жүйесіндегі ерекше орнын анықтау. Ойшыл білім салаларын ретке келтіріп, олардың өзара байланысын көрсету арқылы ғылыми білімнің құрылымын жүйелі түрде түсіндіруге ұмтылды.

Әл-Фарабидің бұл ұстанымы философияның, логиканың, математика мен жаратылыстану ғылымдарының өзара байланысын түсіндіруге мүмкіндік берді. Оның ғылымдарды жүйелеуі белгілі бір тарихи кезеңдегі білім салаларын сипаттап қана қоймай, ғылыми танымның ішкі құрылымы туралы теориялық түсінік қалыптастырды.

Осы тұрғыдан алғанда, әл-Фарабидің ғылыми жіктеу жүйесін оның Еуропалық интеллектуалдық тарихқа ықпалын зерттеудің маңызды бағыттарының бірі ретінде қарастыруға болады. Ғылым салаларын жүйелеу идеясы философиялық білімді құрылымдау мәселесін алдыңғы қатарға шығарып, кейінгі білім беру және ғылыми дәстүрлердің дамуы үшін теориялық алғышарттардың бірі болды.

Бұл түжырым әл-Фараби мұрасын зерттеген қазақстандық ғалымдардың еңбектерімен де сабақтас. А. Машанов, М.С. Бурабаев және М.М. Хайруллаев еңбектерінде ойшыл мұрасының тарихи-философиялық және ғылыми маңызы әртүрлі қырынан қарастырылған (Машанов, 1994; Бурабаев, 1985; Хайруллаев, 1982). Аталған зерттеулер негізінде әл-Фарабидің философия мен ғылымды өзара байланыстыра қарастырған энциклопедиялық ойшыл ретіндегі ерекшелігін айқындауға болады.

Әл-Фараби мұрасының интеллектуалдық трансляциясы

Зерттеу нәтижелері әл-Фараби мұрасының тарихи ықпалын түсіндіру кезінде «интеллектуалдық трансляция» ұғымының маңызды екенін көрсетеді. Мұнда философиялық идеялардың бір мәдени ортадан екінші мәдени ортаға жай ғана берілуі емес, олардың аударылуы, түсіндірілуі және жаңа интеллектуалдық жағдайға бейімделуі туралы сөз болып отыр.

Әл-Фараби еңбектерінің кейінгі ғылыми-философиялық дәстүрлерде қабылдануы оның идеяларының тарихи тұрақтылығымен қатар, әртүрлі мәдени ортада қайта түсіндірілу мүмкіндігін көрсетті. Бұл тұрғыдан алғанда, оның мұрасы Шығыс пен Батыс арасындағы интеллектуалдық байланысты қамтамасыз еткен маңызды мәдени-ғылыми арналардың бірі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Әл-Фараби философиясының исламдық интеллектуалдық дәстүрдегі орны туралы зерттеулер бұл процестің алғашқы кезеңдерін түсіндіруге мүмкіндік береді. Баширов пен Мұхамедқожаевтың еңбектерінде ойшылдың исламдық рухани кеңістікпен және сопылық дәстүрмен байланысы қарастырылса, Хайруллаев оның философиялық мұрасының кейінгі исламдық философияның дамуындағы орнын көрсетеді (Баширов, 1974; Мұхамедқожаев, 1974; Хайруллаев, 1982).

Осы зерттеулерді салыстыра талдау әл-Фараби мұрасының ықпалын бір бағытты құбылыс ретінде қарастырудың жеткіліксіз екенін көрсетеді. Оның философиялық идеялары әртүрлі тарихи кезеңдерде әртүрлі мазмұнда түсіндіріліп, жаңа интеллектуалдық мәселелермен байланыстырылды.

Әл-Фараби және еуропалық философиялық ой

Зерттеу нәтижелерінің негізгі бағыттарының бірі – әл-Фараби философиясының еуропалық интеллектуалдық кеңістікпен байланысын айқындау. Әл-Фараби антикалық философия мұрасын исламдық ғылыми ортада игеріп қана қоймай, кейін бұл мұраның басқа мәдени кеңістіктерге таралуына ықпал еткен интеллектуалдық дәстүрдің қалыптасуына қатысқан ойшыл ретінде бағалануы мүмкін.

Бұл жерде оның рөлін тікелей «Еуропалық философияның негізін қалаушы» ретінде сипаттау ғылыми тұрғыдан негізсіз болар еді. Керісінше, әл-Фарабидің маңызын антикалық философиялық білімнің араб-мұсылман интеллектуалдық ортасында сақталуы, түсіндірілуі және жүйеленуі арқылы кейінгі мәдени трансляцияға жағдай жасаған ойшыл ретінде қарастырған дұрыс.

Оның философиялық жүйесіндегі логика, ғылымдарды жіктеу, саясат, этика және адам мәселелерінің өзара байланысы кейінгі философиялық дәстүрлермен салыстырмалы зерттеу үшін маңызды негіз қалыптастырады. Осы тұрғыдан әл-Фараби мұрасын Еуропалық философия тарихынан оқшау қарастыру Шығыс пен Батыс арасындағы интеллектуалдық ықпалдастықтың күрделі сипатын толық ашуға мүмкіндік бермейді.

Әл-Фарабидің этикалық және әлеуметтік-философиялық идеяларының маңызы

Зерттеу барысында әл-Фарабидің адам мәселесіне, моральдық жетілуге және ізгі қоғамға қатысты идеялары оның философиялық жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі екені анықталды. Ойшыл үшін адамның кемелдігі біліммен ғана емес, моральдық ізгілікпен және қоғамдағы дұрыс әрекетпен байланысты.

Бұл ұстаным әл-Фарабидің «ізгі қала» концепциясынан анық көрінеді. Ізгі қоғамның мақсаты материалдық игілікпен шектелмей, адамның бақытқа және кемелдікке жетуіне жағдай жасау болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, әл-Фараби саяси философияны этикадан бөліп қарастырмайды: қоғамның сапасы оның мүшелерінің моральдық және интеллектуалдық деңгейімен тікелей байланысты.

Бұл мәселе қазіргі философиялық зерттеулердегі адам, еркіндік және жауапкершілік проблемаларымен де үндеседі. Кирабаев пен Хрячков еркіндікті философиялық мәселе ретінде талдай отырып, оны таңдау және жауапкершілік категорияларымен байланыстырады (Кирабаев & Хрячков, 2025). Әл-Фараби философиясы тұрғысынан бұл мәселелер адамның рационалды таңдау жасау қабілеті және оның моральдық жауапкершілігі арқылы түсіндірілуі мүмкін.

Сонымен қатар Сандибаевтың әл-Фараби этикасына арналған зерттеуі ойшылдың моральдық философиясының қазіргі фарабитану үшін өзектілігін көрсетеді (Сандибаев, 2022). Осы зерттеулерді салыстыру әл-Фараби этикасының тарихи маңызымен қатар, қазіргі адам мен қоғам мәселелерін философиялық тұрғыдан пайымдауда да теориялық әлеуетке ие екенін көрсетеді.

Фарабитанудың тарихи дамуы және ғылыми парадигмалардың өзгеруі

Зерттеу нәтижелері әл-Фараби мұрасын зерттеу тарихының өзі дербес ғылыми мәселе ретінде қарастырылуы қажет екенін көрсетті. Әртүрлі тарихи кезеңдерде зерттеушілер оның мұрасының әртүрлі қырларына басымдық берді. Бір кезеңде оның философиялық және ғылыми мұрасы зерттелсе, басқа кезеңдерде діни, этикалық, түркілік және әлеуметтік-философиялық мәселелер алдыңғы қатарға шықты.

Қазақстандық зерттеулерде Машанов, Бурабаев, Хайруллаев және басқа зерттеушілердің еңбектері фарабитанудың тарихи-философиялық негіздерін қалыптастырса, кейінгі зерттеулерде әл-Фарабидің діни көзқарастары, этикасы, адам мәселесі және түркілік рухани сабақтастығы сияқты бағыттар кеңейе түсті (Машанов, 1994; Бурабаев, 1985; Хайруллаев, 1982; Хаван, 2019; Сандибаев, 2022; Сүлейменов & Молларбек, 2023).

Н.С. Кирабаевтың тарихи-философиялық арабистикаға арналған зерттеуі осы өзгерістерді кеңірек ғылыми контексте түсіндіруге мүмкіндік береді (Кирабаев, 2021). Ғалымның зерттеуі араб-мұсылман философиясын зерттеу тәсілдерінің тарихи өзгерістерін көрсетеді. Бұл тұрғыдан фарабитанудың дамуын тек жаңа деректердің жинақталуымен емес, зерттеу парадигмаларының өзгеруімен де байланыстыруға болады.

Талқылау

Алынған нәтижелерді қолданыстағы зерттеулермен салыстыру әл-Фараби мұрасының бірнеше ғылыми өлшемі бар екенін көрсетеді. Біріншісі – оның антикалық философияны исламдық интеллектуалдық ортада игеруі және қайта түсіндіруі. Екіншісі – ғылымдар мен философиялық білімді жүйелеуі. Үшіншісі – этикалық және әлеуметтік-философиялық идеяларының кейінгі ой дәстүрлеріндегі маңызы. Төртіншісі – оның философиялық мұрасының әртүрлі мәдени кеңістіктер арасында таралуы және қайта интерпретациялануы.

Бұған дейінгі қазақстандық зерттеулер негізінен әл-Фарабидің философиялық жүйесін, ғылыми мұрасын, рухани-этикалық көзқарастарын және түркілік мәдени сабақтастығын ашуға бағытталды. Ресейлік тарихи-философиялық зерттеулер араб-мұсылман философиясын зерттеудің жалпы әдіснамалық және тарихи контекстін нақтылауға мүмкіндік береді. Осы бағыттарды өзара байланыстыра қарастыру әл-Фараби мұрасының тарихи ықпалын неғұрлым кең көлемде түсіндіруге жағдай жасайды.

Сонымен бірге зерттеу нәтижелері әл-Фарабидің Еуропалық ғылым мен философиялық ойға ықпалын бір ғана философиялық идеямен немесе жекелеген еңбектің таралуымен түсіндіру жеткіліксіз екенін көрсетеді. Оның ықпалын білімді жүйелеу, логикалық ойлау мәдениеті, философиялық категорияларды қалыптастыру және интеллектуалдық білімді әртүрлі мәдени орта арасында трансляциялау сияқты өзара байланысты үдерістер арқылы қарастыру қажет.

Осы тұрғыдан алғанда, әл-Фараби мұрасының тарихи маңызы оның белгілі бір мәдениетке ғана тиесілі болуымен емес, әртүрлі өркениеттік

кеңістіктер арасында философиялық және ғылыми білімнің қозғалысына қатысқан интеллектуалдық феномен болуымен сипатталады. Бұл жағдай оның философиясын қазіргі жаһандық интеллектуалдық тарих түрғысынан қайта зерттеудің өзектілігін арттырады.

Әбу Насыр әл-Фараби: ортағасырлық ислам ренессансы және философиялық мұрасы

Әбу Насыр әл-Фараби – ортағасырлық ислам ренессансы дәуірінің көрнекті ойшылы, ғалымы және философы, Шығыс перипатетизмінің аса ірі өкілдерінің бірі. Философиялық дәстүрде ол «Екінші ұстаз» деген құрметті атауға ие болды. Әл-Фарабидің энциклопедиялық сипаттағы ғылыми мұрасы философия, логика, саясат философиясы, этика, музыка теориясы, математика және астрономия сияқты әртүрлі білім салаларын қамтиды. Оның шығармашылығына тән пәнаралық сипат ойшылдың философиялық жүйесінің кең ауқымын және оның Шығыс пен Батыстың интеллектуалдық дәстүрлері арасындағы байланыстырушы ретіндегі тарихи маңызын көрсетеді.

Әл-Фарабидің философиялық көзқарастарының қалыптасуында антикалық философияның, әсіресе Платон мен Аристотель еңбектерінің ықпалы айрықша болды. Ол антикалық мұраны жай ғана қайталаушы немесе түсіндіруші ретінде шектелмей, оның негізгі қағидаларын исламдық және шығыстық интеллектуалдық орта жағдайында қайта пайымдады. Аристотельдің адам, қоғам, мемлекет және ізгілік мәселелеріне қатысты идеяларын шығармашылық түрғыдан игере отырып, әл-Фараби өзінің қайырымды қала туралы тұжырымдамасын қалыптастырды. Осы түрғыдан алғанда, оның саяси-философиялық ілімі антикалық рационалдық дәстүрдің кейінгі тарихи-мәдени кеңістікте жалғасуы мен түрленуінің маңызды үлгісі болып табылады.

Әл-Фарабидің әлеуметтік-саяси философиясын кейінгі еуропалық саяси оймен салыстыра зерттеу оның теориялық мұрасының ауқымын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, билік, қоғам, адамның бақыты, ізгілік және қоғамдық тәртіп мәселелері кейінгі дәуірдегі бірқатар философтардың еңбектерінде де өзекті болды. Дегенмен әл-Фарабидің идеяларын Макиавелли, Спиноза немесе Руссоның тұжырымдарымен тікелей теңестіруден гөрі, олардың арасында проблемалық және концептуалдық сабақтастықтың жекелеген белгілерін анықтау ғылыми түрғыдан орынды. Мұндай салыстырмалы тәсіл әл-Фараби философиясының өзіндік ерекшелігін сақтай отырып, оның әлемдік философиялық ой тарихындағы орнын айқындауға мүмкіндік береді.

Әл-Фарабидің философиялық мұрасы оның «Азаматтық саясат», «Бақытқа жету туралы», «Мемлекет қайраткерінің нақыл сөздері» және «Қайырымды қала түрғындарының көзқарастары туралы трактат» сияқты еңбектерінде жүйелі түрде көрініс тапқан. Бұл шығармаларда адам мен қоғамның өзара байланысы, мемлекетті басқару принциптері, қоғамдық тәртіп, ізгілік, бақыт және адамзаттың кемелдену мәселелері кешенді түрде қарастырылады. Ойшыл үшін мемлекеттің негізгі мақсаты тек материалдық әл-ауқатты қамтамасыз ету емес, азаматтардың интеллектуалдық және адамгершілік түрғыдан жетілуіне жағдай жасау болып табылады. Осы ерекшелік әл-Фараби саяси философиясының этикалық мазмұнын айқындайды.

Әл-Фараби философиясының өзегінде адам мәселесі ерекше орын алады. Ол адамды табиғатынан әлеуметтік байланыстарға мұқтаж, өз мүмкіндіктерін басқа адамдармен бірлесе әрекет ету арқылы жүзеге асыратын ақылды әрі моральдық субъект ретінде қарастырады. Адамның кемелдігі жеке түлғалық дамумен ғана шектелмейді; ол қоғамдық ортадағы өзара ынтымақтастықпен және ортақ игілікке бағытталған әрекетпен тығыз байланысты. Осы түрғыдан алғанда, әл-Фараби үшін бақыт жеке адамның субъективті жағдайы ғана емес, адамның интеллектуалдық және адамгершілік кемелденуіне негізделген қоғамдық-философиялық мақсат болып табылады.

Ойшылдың әлеуметтік философиясында қоғамның құрылымы мен адамның қажеттіліктері өзара сабақтастықта қарастырылады. Әл-Фараби адамдардың бір-біріне тәуелділігін олардың табиғи қажеттіліктерімен байланыстырып, қоғамның қалыптасуын ортақ өмір сүру және өзара көмек қажеттілігі арқылы түсіндіреді. Қоғамдық бірлестіктердің әртүрлі формаларын талдау барысында ол адамдардың мақсаттары мен ұмтылыстарына қарай олардың әлеуметтік ұйымдасу ерекшеліктерін көрсетеді. Бұл жерде оның философиясының басты қағидаларының бірі – жеке адамның игілігі мен қоғамдық игіліктің өзара байланысы.

Әл-Фараби қоғамды оның ұйымдасу деңгейіне қарай отбасы, көршілік қауым, қала және жалпы адамзаттық қауымдастық сияқты сатылар арқылы қарастырады. Оның әлеуметтік-философиялық жүйесінде қала адамзаттың бірлескен өмір сүруінің неғұрлым жоғары ұйымдасқан формасы ретінде көрінеді. Алайда кез келген

қала немесе қоғамдық бірлестік кемел қоғам болып саналмайды. Қоғамның сапасы оның қандай мақсатқа бағытталғанына, азаматтардың қандай құндылықтарды басшылыққа алатынына және басқарудың қандай принциптерге негізделетініне байланысты анықталады.

Әл-Фараби адамдардың негізгі қажеттіліктері мен қоғамдық мақсаттарына қарай қауымдастықтардың әртүрлі типтерін ажыратады. Олардың қатарында өмір сүру мен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталға қажеттілікке негізделген қауымдастықтар, материалдық әл-ауқат пен айырбасқа бағдарланған қоғамдар және сезімдік рахат пен тәндік қажеттіліктерді басты мақсат санайтын қауымдастықтар бар. Мұндай жіктеу әл-Фарабидің қоғамды тек саяси институт ретінде емес, белгілі бір құндылықтар мен мақсаттарға негізделген әлеуметтік организм ретінде қарастырғанын көрсетеді.

Ойшылдың қайырымды қала тұжырымдамасында басқару мәселесі моральдық және интеллектуалдық талаптармен тікелей байланысты. Қайырымды қоғамның билеушісі тек әкімшілік немесе саяси функцияларды атқаратын тұлға емес, сонымен бірге жоғары интеллектуалдық және адамгершілік қасиеттерге ие болуы тиіс. Осы тұрғыдан әл-Фарабидің билеуші туралы тұжырымдамасы саяси билік пен моральдық жауапкершіліктің бірлігін негіздеуге бағытталған. Билеушінің міндеті азаматтардың материалдық қажеттіліктерін қамтамасыз етумен шектелмей, олардың ізгілікке және кемелдікке ұмтылуына жағдай жасауды қамтиды.

Әл-Фараби философиясының маңызды ерекшеліктерінің бірі – әлеуметтік және саяси мәселелерді этикалық категориялармен байланыстыра қарастыруы. Оның пікірінше, қоғамның кемелдігі азаматтардың адамгершілік сапасына, білім деңгейіне және ортақ игілікке бағытталған іс-әрекетіне тәуелді. Бұл қағида оның философиясындағы адам, қоғам және мемлекет арасындағы байланыстың тұтастығын көрсетеді. Қазіргі зерттеулерде де әл-Фараби мұрасын әлеуметтік әділеттілік, еркіндік, жауапкершілік және қоғамдық игілік мәселелерімен сабақтастыра қарастырудың маңызы атап өтіледі (А. Нысанбаев, Г. Құрманғалиева, 2005, 480-б.).

Әл-Фараби антикалық философиялық мұраны жүйелеу және оны Шығыс интеллектуалдық кеңістігінде дамыту ісінде ерекше рөл атқарды. Оның Аристотельдің логика, метафизика, риторика, поэтика және басқа да философиялық еңбектеріне жасаған талдаулары Шығыс перипатетизмінің қалыптасуына елеулі ықпал етті. Әл-Фараби Аристотель философиясының негізгі қағидаларын механикалық түрде қабылдамай, оларды өзіндік философиялық жүйесімен үштастырды. Осы арқылы ол антикалық рационалдық мұра мен ортағасырлық ислам философиясы арасындағы интеллектуалдық байланысты күшейтті.

Әл-Фарабидің логика мен метафизиканы философиялық білімнің маңызды әдіснамалық негіздері ретінде қарастыруы оның философиялық жүйесінің ерекшелігін айқындайды. Араб-мұсылман философиясын тұтас рационалдық дәстүр ретінде қарастыра отырып, Н. С. Кирабаев әл-Фараби еңбектерінде логика мен метафизиканың философиялық білімді жүйелеудің әмбебап құралдары ретінде қалыптасқанын атап көрсетеді (Н. С. Кирабаев, 2021, 695–719-бб.).

Әл-Фарабидің философиялық жүйесінде еркіндік мәселесі де адам мен қоғамның кемелденуімен байланысты қарастырылады. Еркіндік жеке тұлғаның кез келген әрекетті таңдауы ғана емес, ақылға негізделген саналы таңдау мен моральдық жауапкершілікті қамтитын ұғым ретінде түсіндіріледі. Осы тұрғыдан алғанда, адамның интеллектуалдық және адамгершілік тұрғыдан жетілуі оның еркіндігін жүзеге асырудың маңызды алғышарты болып табылады. Еркіндік пен жауапкершіліктің өзара байланысы қазіргі философиялық зерттеулерде де әділетті қоғамдық тәртіптің маңызды құндылықтық негіздерінің бірі ретінде қарастырылады (Н. С. Кирабаев, А. В. Хрячков, 2025, 504–519-бб.).

Әл-Фараби философиясының кейінгі Шығыс және Батыс ойына ықпалы оның ізбасарларының шығармашылығы арқылы да жалғасты. Ибн Сина, Ибн Баджа және Ибн Рушд сияқты ойшылдар әл-Фарабидің философиялық және логикалық идеяларын дамытып, оларды жаңа тарихи және мәдени жағдайларда қайта пайымдады. Осы интеллектуалдық сабақтастық нәтижесінде әл-Фараби қалыптастырған бірқатар философиялық мәселелер ислам әлемінің шеңберінен шығып, кейінгі еуропалық философиялық ойдың дамуына әсер етті (А. Нысанбаев, Г. Құрманғалиева, 2005, 480-б.).

Қазақстандағы әл-Фараби мұрасын зерттеу дәстүрінің қалыптасуы XX ғасырдың екінші жартысынан бастап жүйелі сипат алды. Бұл бағыттың дамуына А. Машанов, А. Х. Қасымжанов және басқа да қазақстандық ғалымдардың еңбектері елеулі үлес қосты. А. Машанов әл-Фараби мұрасын зерттеу, аудару және оның ғылыми-философиялық маңызын насихаттау ісінде алғашқы қадам жасаған зерттеушілердің бірі

болды. Оның әл-Фараби мен Абайдың руханифилософиялық сабақтастығына арналған еңбегі қазақ дүниетанымы мен әл-Фараби мұрасы арасындағы байланысты зерделеуге маңызды негіз қалыптастырды (А. Машанов, 1994, 192-б.).

Кеңестік кезеңде әл-Фарабидің мұрасын зерттеу белгілі бір идеологиялық шектеулер жағдайында жүзеге асырылды. Оның философиялық және діни көзқарастары толық көлемде зерттеле бермей, көбіне әлеуметтік-философиялық және рационалдық қырларына басымдық берілді. Соған қарамастан, осы кезеңде әл-Фараби еңбектерін жариялау, аудару және ғылыми айналымға енгізу бағытында маңызды жұмыстар атқарылды. Әл-Фараби мұрасындағы сопылық және рухани-философиялық мәселелерді арнайы зерттеу қажеттілігі де осы кезеңнен кейін жаңа ғылыми бағыттардың қалыптасуына негіз болды (А. Баширов, 1974, 100–104-бб.; А. Мұхамедхожаев, 1974, 30–34-бб.).

Қазақстандағы әл-Фарабитанудың кейінгі дамуында оның философиялық мұрасын тек тарихи ескерткіш ретінде емес, қазіргі әлеуметтік және мәдени мәселелерді түсіндіруге мүмкіндік беретін теориялық ресурс ретінде қарастыру үрдісі күшейді. Қазіргі зерттеулерде әл-Фарабидің этикасы, әлеуметтік философиясы, адам және қоғам туралы көзқарастары қазіргі заманғы білім беру, әлеуметтік жауапкершілік, еркіндік және тұлғаның рухани қалыптасуы мәселелерімен сабақтастырыла зерттелуде (З. Сандибаев, 2022; М. Н. Хасанов, 2025).

Осылайша, әл-Фараби мұрасын зерттеу бірнеше өзара байланысты бағытты қамтиды: антикалық философиямен сабақтастық, исламдық интеллектуалдық дәстүрдегі орны, Шығыс перипатетизмінің қалыптасуына ықпалы, әлеуметтік-саяси және этикалық ілімдері, сондай-ақ оның идеяларының кейінгі Шығыс және Батыс философиясындағы жалғастығы. Бұл бағыттардың өзара байланысы әл-Фарабидің философиялық жүйесін тек тарихи тұрғыдан ғана емес, қазіргі әлемдік философиялық ойдың контекстінде де қайта пайымдаудың қажеттілігін көрсетеді.

Әбу Насыр әл-Фараби – ортағасырлық ислам ренессансы дәуірінің көрнекті ғалымы, философиялық дәстүрде «Екінші ұстаз» деген атауға ие болған ұлы ойшыл. Оның интеллектуалдық мұрасы қазіргі ғылыми зерттеулер үшін де өзектілігін сақтап келеді. Түран өңірінен шыққан энциклопедист-ғалым ретінде әл-Фараби философия, этика, логика, музыка теориясы, математика, дін, мемлекет пен басқару теориясы және құқық салаларының дамуына елеулі үлес қосты. Осы арқылы ол әлемдік интеллектуалдық мәдениеттің қалыптасуына өзіндік ықпалын тигізді.

Ежелгі және ортағасырлық ойшылдар қалыптастырған, қазіргі саяси ғылым үшін де маңызын жоғалтпаған қағидалар әл-Фарабидің философиялық көзқарастарының қалыптасуына ықпал етті. Мәселен, Аристотель толыққанды азаматтарды қолөнершілер мен саудагерлерден ажыратып, адамның белгілі бір өмір салты ізгілік қасиеттерін қалыптастыруға кедергі келтіруі мүмкін екенін атап көрсеткен. Оның пайымдауынша, бақытты өмір адамгершілік тұрғыдан кемел болумен тікелей байланысты. Сондай-ақ Аристотель меншік қатынастары қоғам мүшелерінің ортақ игіліктерге қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс деп есептеген. Әл-Фараби Платонның мінсіз мемлекет туралы тұжырымдамасы мен Аристотельдің адам дамуы және мемлекеттің қалыптасуына қатысты практикалық пайымдарын терең зерделеді. Алайда ол бұл философиялық тұжырымдарды жай ғана сынау немесе қайталау мақсатында пайдаланған жоқ, керісінше, олардың негізінде өзінің қайырымды қала туралы тұжырымдамасын қалыптастырды.

Еуропалық қоғамдардың тарихи тағдыры жөніндегі ой-пікірлерімен танылған Макиавеллиге белгілі бір деңгейде үқсас түрде әл-Фарабидің философиясы Үлы дала кеңістігі мен жалпы Азия өркениеттерінің әлеуметтік-саяси даму үдерістерін түсіндіруге мүмкіндік беретін теориялық негіз қалыптастырады. Оның еңбектері халифат дәуірінде жазылып, исламдық дүниетаныммен тығыз байланыста болғандықтан, ойшылдың саяси-философиялық идеяларын тарихи контекстен ажыратпай, ғылыми тұрғыдан байыппен түсіндіру қажет. Мысалы, әл-Фараби қайырымды қаланың билеушісі имам қызметін де атқаруы тиіс деп пайымдайды. Бұл тұжырымды тікелей саяси талап ретінде емес, билеушінің адамгершілік ниеті, интеллектуалдық кемелдігі мен жеке ізгілігінің өзара бірлігін білдіретін философиялық қағида ретінде түсінген жөн.

Әл-Фарабидің әлемдік философия тарихындағы орны оның «Азаматтық саясат», «Бақытқа жету туралы», сондай-ақ «Мемлекет қайраткерінің нақыл сөздері» секілді іргелі еңбектерімен тығыз байланысты. Сирияда болған кезеңінде ол өзінің әлеуметтік-саяси көзқарастарын жүйелеп, Платон философиясының қағидаларына негізделген «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактатында» қоғам мен мемлекеттің идеалды құрылымына қатысты тұтас тұжырымдамасын ұсынды. Өз дәуірі үшін жаңашыл сипаттағы бұл саяси идеялар ислам ха-

лифатындағы сол кезеңде қалыптасқан теориялық ұстанымдардың барлығымен бірдей үйлесе бермеді.

Әбу Насыр әл-Фарабидің (870–950) философиялық мұрасы қоғам мен саясаттың кең ауқымды мәселелерін қамтиды және оның адамзаттың қоғамдық игілігіне бағытталған ғылыми ізденістерін көрсетеді. Ол жеке адам, әлеуметтік қауымдастық, мемлекет және түтас әлем алдында тұрған мәселелерді пайымдауға ұмтылды. Оның философиялық және ғылыми ізденістерінің нәтижелері бүгінгі күні де өзектілігін сақтап отыр. Ойшылдың ғылыми мұрасы философия, музыка, математика, астрономия, филология және жаратылыстану ғылымдарын қамтиды. Осы салалардың әрқайсысындағы еңбектерінен оның адамгершілік және гуманистік бағдарын аңғаруға болады. Әл-Фараби адамның табиғаты бойынша әлеуметтік байланыстарға мұқтаж екенін, ал қоғам адамдардың қажеттіліктерін қамтамасыз етіп, ортақ мақсаттарға бірлесіп қол жеткізуіне мүмкіндік беретінін атап көрсетті.

Әл-Фарабидің мінсіз қоғам туралы тұжырымдамасында геосаяси факторларға да белгілі бір мән беріледі. Аристотельдің көзқарастарымен үндесе отырып, ол саяси ұйымдасу мен географиялық ортаның өзара байланысын қарастырып, табиғи және аумақтық факторлардың қоғам өміріне ықпалын ескереді. Оның пайымдауынша, адамдардың қоғамдық бірлестіктері ортақ мекенде өмір сүретін көптеген адамдардың өзара бірігуі нәтижесінде қалыптасады. Бұл идеяны қазіргі ұлттық және мәдени бірегейлік ұғымдарымен белгілі бір деңгейде сабақтастықта қарастыруға болады. Әл-Фараби қоғамның тұрақты дамуы үшін жергілікті дәстүрлер мен адамгершілік нормаларды құрметтеудің маңызын атап көрсетеді.

Ойшыл адам қауымдастықтарын табиғи және жүре қалыптасатын ерекшеліктеріне, соның ішінде тілге, мінез-құлыққа және мәдени тәжірибеге қарай ажыратады. Ол этногенез үдерісінің қалыптасуын адамның табиғи ерекшеліктері мен қоршаған ортаның ықпалының өзара байланысы арқылы түсіндіреді. Мұндай тұжырымдарды Орталық Азия, Оңтүстік Азия және Қиыр Шығыс халықтарының тарихи даму тәжірибесімен салыстыра қарастыруға болады. Сонымен қатар әл-Фараби қалалық қауымдастықтарды олардың мүшелерінің негізгі қажеттіліктері мен әлеуметтік мақсаттарына қарай бірнеше түрге бөледі:

- Қажеттілікке негізделген қоғамдар – өмір сүру мен дене қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өзара көмекке бағытталған қауымдастықтар;

- Айырбасқа негізделген қоғамдар – әл-ауқат пен материалдық игілікке, байлыққа қол жеткізуді көздейтін қауымдастықтар;

- Ләззатқа негізделген қоғамдар – сезімдік рахат пен тәндік қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағдарланған қауымдастықтар.

Әл-Фараби Аристотель секілді қоғамдық еркіндік пен азаматтардың басқару ісіне қатысу мүмкіндігін жоғары бағалайтын «ұжымдық қала» идеалын қарастырды. Мұндай қоғамда түрғындардың еркіндігі барынша қамтамасыз етіліп, билеушілер қауымның ортақ келісімі мен мүддесіне сәйкес әрекет етуі тиіс. Бұл тұжырым оның әлеуметтік-саяси идеяларын кейінгі дәуірдегі Томас Мор мен Томмазо Кампанелланың утопиялық модельдерімен салыстыра қарастыруға мүмкіндік береді. Аталған идеялардың барлығында моральдық және азаматтық құндылықтарға негізделген мінсіз қоғамдық тәртіпті іздеу ортақ сипатқа ие.

Әл-Фараби философиясының өзегінде адам мәселесі ерекше орын алады. Ол қоғамды көлемі мен ұйымдасу деңгейіне қарай отбасы, көршілік қауым, қала және жалпы адамзат сияқты сатыларға бөліп қарастырады. Ойшыл қоғамның кемелденуі адамдардың өзара ынтымақтастығы мен бірлескен әрекеті арқылы жүзеге асатынын негіздейді. Ол қоғамның құрылымы, ғаламның ұйымдасуы және адам ағзасының құрылысы арасында белгілі бір үқсастықтар бар екенін көрсетеді. Осы түрғыдан алғанда, билеушіні тек материалдық қажеттіліктерді қамтамасыз етуші тұлға ретінде емес, адамдардың рухани және адамгершілік жағдайына қамқорлық жасайтын «жан дәрігеріне» үқсас тұлға ретінде сипаттайды.

Әл-Фараби өзінің көптеген еңбектерінде, соның ішінде «Қайырымды қала түрғындарының көзқарастары туралы», «Азаматтық саясат» және «Мемлекет қайраткерлерінің нақыл сөздерінде» жеке адам, қауым және басқару арасындағы өзара байланысты жүйелі түрде қарастырады. Ол антикалық философияның іргелі идеяларын шығармашылық түрғыдан игере отырып, қоғамдық ұйымдасуға қатысты өзіндік теориясын қалыптастырды. Оның Аристотель еңбектерін, атап айтқанда «Категориялар», «Метафизика», «Герменевтика», «Риторика» және басқа да трактаттарды зерттеуі, сондай-ақ «Поэтика», «Аналитикалар», «Топика» және «Софистика» еңбектеріне жасаған түсіндірмелері Шығыс пен Батыстың интеллектуалдық дәстүрлерін үштастырғанын көрсетеді. Осындай синтездік тәсіл арқылы әл-Фараби антикалық филосо-

фиялық мұраның кейінгі тарихи кезеңдерге берілуіне ықпал етіп, әлемдік философияның дамуына елеулі үлес қосты. Оның ғылыми беделі мен философиялық ықпалы нәтижесінде ойшыл тарихта «Екінші ұстаз» деген құрметті атаумен танылды.

Кеңестік кезеңдегі ғылыми зерттеулерге келетін болсақ, әл-Фарабидің діни және философиялық көзқарастары шетелдік басылымдарда және жекелеген ғалымдардың еңбектерінде қарастырылғанымен, олардың мазмұны толық әрі жүйелі түрде зерттеле қойған жоқ («Әл-Фараби және Шығыстағы ғылым мен мәдениеттің дамуы», 1974, 104-б.). Бұған сол кезеңдегі маркстік-лениндік идеологиялық саясаттың да ықпалы болды. Ортағасырлық араб тарихшысы Ибн Саид әл-Кифти (1167–1248) әл-Фарабидің өмірбаяны туралы салыстырмалы түрде толық мәліметтер бере отырып, оның Сайф әд-Даула сарайынан кеткеннен кейін «сопылық өмір жолына тікелей түскенін» жазады (Ибн әл-Кифти, 1974, 34-б.). Соңғы жылдары осы бағытта бірқатар зерттеулер жүргізіліп, әл-Фарабидің діни-философиялық мұрасын сопылық дәстүрмен байланыстыратын зерттеушілердің қатары көбейді. Бұл бағыт ойшылдың рухани мұрасын жаңа қырынан зерделеуге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, ғалым А. Машановтың шығармашылығындағы сопылық поэзия дәстүріне тән мәтіндерді ғылыми тұрғыдан талдау, олардың мазмұнын бағалау және қазақ даласының рухани мұрасымен сабақтастығын анықтау қажеттілігі де өзекті (Машанов, 1994, 192-б.).

Әбу Насыр әл-Фарабидің дүниетанымы мен оның еңбектерінде қарастырылған философиялық мәселелер Шығыс халықтарының, әсіресе түркі мәдениетінің философиялық ойының дамуына ықпал етіп, жаңа бағыттардың қалыптасуына негіз болды. Оның шығармаларындағы көптеген тақырыптар түркілік философиялық дәстүрмен және халық шығармашылығымен сабақтасып жатыр. Әл-Фараби Шығыс халықтарының ғылыми-мәдени кеңістігінде терең мазмұнды еңбектер қалдырып қана қоймай, өз дәуірінің күрделі философиялық мәселелерін пайымдап, адамгершілік пен гуманизмге негізделген түжырымдарын қалыптастырды. Оның мұрасындағы бұл идеялар адам болмысының, қоғамның және рухани құндылықтардың мәнін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Әбу Насыр әл-Фараби өз дәуірінің аса көрнекті ойшылы, ғалымы әрі философы ретінде Шығыс перипатетизмінің жетекші өкілдерінің бірі саналады. Шығыстық интеллектуалдық дәстүрде ол «Екінші ұстаз» деген құрметті атаумен белгілі. Әл-Фарабиге дейінгі және одан кейінгі көптеген шәкірттер мен ізбасарлардың арасынан дәл осы атаққа ие болған ойшылдың болмауы оның философиялық беделінің айрықша болғанын көрсетеді. Тарихи деректер бойынша, Отырар өңірінен шыққан әл-Фараби философия, логика, саясат теориясы, этика, музыка теориясы, поэзия, математика және астрономия сияқты сан алуан ғылым салаларын қамтитын 150-ден астам философиялық және ғылыми трактат жазған энциклопедист ғалым ретінде танылды. Оның шығармашылық мұрасының кеңдігі ойшылдың ғылыми ізденістерінің әмбебап сипатын айқындайды.

Қазақстанда әл-Фараби мұрасын жүйелі түрде ғылыми зерттеу XX ғасырдың екінші жартысында қарқын алды. Қазақ фарабитану ғылымының қалыптасуында А. Машани айрықша орын алады. Ол әл-Фараби мұрасын зерттеп, оның еңбектерін аударып, ойшыл философиясының ғылыми және мәдени маңызын қазақ қоғамына танытуға алғашқылардың бірі болып үлес қосты. 1968 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының Философия және құқық институтында Үлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, философия ғылымдарының докторы, профессор А.Х. Қасымжановтың жетекшілігімен «Әл-Фараби мұрасын зерттеу жөніндегі шығармашылық топ» құрылды. Бұл бастама ойшылдың ғылыми мұрасын сақтау, жүйелі зерттеу және ғылыми айналымға енгізу бағытындағы маңызды институционалдық қадам болды.

Әл-Фарабидің өмірі, жан-жақты ғылыми шығармашылығы және рухани-философиялық ізденістері уақыт өте келе зерттеушілердің назарын кеңінен аударды. Ойшыл қайтыс болғаннан кейін оның мұрасын зерделеу әртүрлі тілдік және мәдени ортада жалғасып, нәтижесінде арнайы ғылыми бағыт – фарабитану қалыптасты. Осы тұрғыдан алғанда, әл-Фараби мұрасын зерттеудің тарихи дамуын шартты түрде бес негізгі бағытқа бөлуге болады. Бірінші бағытқа ойшылдың идеяларын зерттеген ортағасырлық араб және парсы ғалымдарының еңбектері жатады. Екінші бағыт XIX–XX ғасырларда Египет, Сирия, Ливан, Иран және Ауғанстан зерттеушілерінің жүргізген ізденістерін қамтиды. Үшінші бағытқа әл-Фараби мұрасына қызығушылығы XV ғасырдан бастау алған Батыс Еуропа ғалымдарының еңбектері кіреді. Төртінші бағыт Ресей империясы мен Кеңес дәуіріндегі шығыстанушылардың зерттеулерін қамтыса, бесінші бағыт түркітілдес халықтар арасынан

шыққан ғалымдардың ғылыми еңбектерін біріктіреді.

Қазақстандық зерттеушілер әл-Фараби философиясын отандық ғылыми кеңістікте зерделеуге айтарлықтай үлес қосты. Олардың жетекшілігімен ойшылдың көптеген шығармалары қазақ және орыс тілдерінде жарық көрді. Қазақстандағы философия тарихы және қоғамдық-саяси ой тарихы бағытында ұйымдастырылған шығармашылық топқа А.Х. Қасымжановтың үйлестіруімен еуропалық тілдердің маманы И.О. Мұхаммед (Иран), шығыстық математиканың зерттеушісі Б.Я. Ошерович, А. Көбесов, арабтанушылар А.С. Иванов пен К.Х. Тәжікқызы, Н. Қараев және Мәскеудегі арабтанушы ғалымдар Б.Г. Ғафуров пен А.В. Сағадеевпен ғылыми байланыстар орнатқан зерттеушілер кірді.

Аталған ғалымдардың бірлескен ғылыми қызметі әл-Фарабидің еңбектері мен қолжазбаларын тереңірек зерттеуге мүмкіндік берді. XX ғасырдың соңғы ширегінде А. Қасымжанов, М. Бурабаев, А. Дербісалиев, Қ. Жарықбаев, сондай-ақ Г. Шаймұхамбетова мен С. Сатыбекова сияқты зерттеушілер Қазақстандағы фарабитану ғылымының ауқымын едәуір кеңейтті. Осы кезеңде әл-Фарабидің «Философиялық трактаттары», «Әлеуметтік-этикалық трактаттары», «Логикалық трактаттары», «Математикалық трактаттары», сонымен бірге Птолемей еңбектеріне қатысты түсіндірмелері жинақталып, ғылыми қауымға кеңінен қолжетімді болды. Бұл басылымдар ойшылдың интеллектуалдық мұрасын сақтап, жүйелі түрде зерттеу ісіндегі маңызды ғылыми кезең болды.

Әбу Насыр әл-Фарабидің ғылыми мұрасындағы «Алмагестке түсініктеме» сияқты еңбектердің қазақ және орыс тілдерінде жариялануы оның шығармашылығына деген тұрақты ғылыми қызығушылықтың сақталғанын көрсетеді. Әл-Фараби еңбектерін қазақ және орыс тілдеріне аудару ісіне елеулі күш жұмсалып, сонымен қатар оның ғылыми жетістіктерін дәріптейтін көптеген ғылыми мақалалар мен көркем шығармалар жарық көрді. Ойшылдың есімі көшелерге, білім беру мекемелеріне және ғылыми орталықтарға беріліп, оның мұрасы қоғамдық-мәдени кеңістікте кеңінен насихатталды.

Соған қарамастан, 1970-жылдардан кейін Қазақстандағы фарабитану саласында салыстырмалы түрде баяулау байқалды және жаңа ғылыми бағыттар мен жаңаша зерттеу тәсілдері жеткілікті деңгейде қалыптаса қоймады. Сонымен бірге 1970-жылдары жүргізілген зерттеулердің едәуір бөлігі кәсіби философтар мен шығыстанушылардың тар ғылыми ортасына ғана белгілі болып, олардың мазмұны тарих және философия пәндерін оқытудың жалпы білім беру жүйесіне толық енгізілмеді. Кеңестік кезеңдегі қоғамдық-гуманитарлық ғылымның саяси және идеологиялық шеңберінде әл-Фарабидің әлеуметтік-философиялық идеялары көбіне оның дүниетанымының жекелеген көріністері ретінде қарастырылып, философиялық жүйесінің тұтастығы мен ішкі логикалық байланыстары жеткілікті дәрежеде ашыла бермеді.

Әлемдік ғылыми кеңістікте әл-Фараби сияқты ірі ойшылдың шығармашылығы бірнеше ғасыр бойы әртүрлі елдердің зерттеушілерінің назарын аударып келеді. Қазақстандағы фарабитану да осы халықаралық ғылыми дәстүрдің заңды жалғасы ретінде қарастырылуы мүмкін. Әл-Фарабидің есімі Еуропаның бірқатар елдеріне ортағасырлық кезеңнің өзінде-ақ белгілі болған. Оның философиялық трактаттары XII–XIII ғасырларда көне еврей және латын тілдеріне аударылған. Алайда әл-Фараби шығармаларын жүйелі әрі кешенді зерттеу, соның ішінде сыни мәтіндерді әзірлеу, ғылыми түсіндірмелері бар аудармалар жасау және философиялық талдау жүргізу Еуропада XVIII ғасырдың ортасы мен XIX ғасырда айқын қарқын ала бастады.

Ортағасырлық Еуропадағы классикалық грек философиясын игеру үдерісінде әл-Фараби еңбектерінің өзіндік орны болды. Мысалы, оның «Ғылымдарды жіктеу» атты еңбегі XII ғасырдан бастап латын тіліне бірнеше рет аударылып, еуропалық ғалымдардың грек философиясының негізгі қағидаларымен танысуына мүмкіндік берді. Әл-Фарабидің таным мен метафизика мәселелеріне арналған еңбектері де ортағасырлық Еуропадағы философиялық ойдың дамуына ықпал етті. Осы арқылы әл-Фараби антикалық философиялық мұраны исламдық интеллектуалдық ортада қайта пайымдап қана қоймай, оның кейінгі еуропалық ғылыми-философиялық кеңістікке берілуіне ықпал еткен маңызды дәнекер тұлға ретінде көрінді (Ғафуров және Қасымжанов, 1975, 8-б.; Бурабаев, 1985, 8-б.).

Әл-Фараби еңбектерінің еуропалық интеллектуалдық ортаға аударылып, таралуы Шығыс пен Батыстың философиялық дәстүрлері арасындағы ғылыми-мәдени байланыстың қалыптасуындағы оның ерекше рөлін айқындайды. Ойшыл Аристотель, Платон және басқа да антикалық философтардың идеяларын жай ғана жеткізуші емес, оларды жаңа тарихи және мәдени жағдайда түсіндіріп, жүйелеген дербес философ болды. Оның шығармашылығы ортағасырлық

философия мен ғылымның дамуына ықпал етіп, Шығыс пен Батыс арасындағы интеллектуалдық сабақтастықтың қалыптасуына жағдай жасады (Қайыроллаев, 1982, 123-б.; Нысанбаев және Құрманғалиева, 2005, 480-б.).

XII–XVII ғасырлар аралығында әл-Фарабидің бірқатар еңбектері, соның ішінде «Сұрақтардың негізі» және Аристотельдің «Физика», «Поэтика», сондай-ақ «Бақытқа жету жолы» тақырыптарына қатысты түсіндірмелері латын тіліне бірнеше рет аударылды. Кейбір трактаттардың бізге тек латын тіліндегі нұсқалары арқылы жетуі, ал бірқатар араб қолжазбаларының сақталмауы әл-Фараби мұрасын мәтінтанулық тұрғыдан одан әрі зерттеу қажеттілігін көрсетеді. Бұл аудармалар Еуропадағы Қайта өрлеу дәуіріндегі философиялық ойдың дамуына белгілі бір деңгейде ықпал етті. Әл-Фарабидің интеллектуалдық мұрасы Шығыс пен Батыстың ғылыми-философиялық дәстүрлерін өзара сабақтастыруда маңызды рөл атқарды (Бурабаев, 1985, 8-б.; Ғафуров және Қасымжанов, 1975, 8-б.).

Әбу Насыр әл-Фарабидің философиялық мұрасын зерттеу тарихы интеллектуалдық ізденістермен қатар, әр кезеңдегі әлеуметтік-саяси жағдайлардың да ықпалымен қалыптасқан күрделі үдеріс болғанын көрсетеді. XIX ғасырда Еуропада әл-Фараби еңбектерін жүйелі түрде жинақтау, редакциялау және аудару жұмыстары күшейіп, оның өмірі мен философиялық көзқарастарына арналған арнайы ғылыми еңбектер жарық көре бастады. Бұл зерттеулердің қатарында жекелеген шығармалардан үзінділерді жинақтау, ойшылдың өмірбаянын сыни тұрғыдан қарастыру және еңбектерін еуропалық тілдерге аудару жұмыстары болды. Нәтижесінде әл-Фараби исламдық Шығыстың интеллектуалдық дәстүрлеріне беймәлім еуропалық ғылыми ортаға біртіндеп таныла бастады (Нысанбаев және Құрманғалиева, 2005, 480-б.).

Еуропалық фарабитанудың алғашқы кезеңдеріндегі зерттеулер әл-Фарабиді тек тарихи тұлға ретінде емес, антикалық грек философиясы мен ортағасырлық араб-мұсылман әлеміндегі интеллектуалдық үдерістерді байланыстырушы ойшыл ретінде түсінуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар оның мұрасының энциклопедиялық сипаты айқындала түсті. Әл-Фараби логика, метафизика, саяси философия, этика және жаратылыстану ғылымдарын біртұтас философиялық жүйе аясында қарастырған ғалым ретінде бағаланды. Оның философиялық ойлау жүйесінің синтетикалық сипаты Шығыс пен Батыстың интеллектуалдық дәстүрлері арасындағы сабақтастықты түсіндіруге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, әл-Фараби мұрасы қазіргі гуманитарлық ғылым үшін де маңызды теориялық және әдіснамалық әлеуетке ие (Қайыроллаев, 1982, 123-б.; Нысанбаев және Құрманғалиева, 2005, 480-б.).

Еуропада әл-Фараби мұрасын зерттеу біртіндеп дамығанымен, орыс тілді ғылыми ортада оның интеллектуалдық мұрасына қолжетімділік ұзақ уақыт бойы шектеулі болды. Кеңестік ғалымдар идеологиялық басымдықтармен, сондай-ақ материалистік және маркстік-лениндік түсіндірулердің үстемдігімен шектеліп, оның философиясының теологиялық және метафизикалық қырларын толыққанды зерттей алмады. Құдайлық ақылдың табиғаты немесе болмыстың алғашқы себебі сияқты мәселелерді қарастыру сол кезеңдегі діни және космологиялық зерттеулерге қатысты қалыптасқан идеологиялық ұстанымдарға байланысты аса күрделі сипат алды. Соның нәтижесінде бірнеше онжылдық бойы орыс тілді ғылыми орта әл-Фарабидің мұрасын негізінен оның әлеуметтік-философиялық көзқарастары тұрғысынан қабылдады, ал оның тұтас философиялық жүйесінің мазмұны жеткілікті деңгейде зерттелмеді (Қирабаев, 2021, 695–719-бб.).

Идеологиялық ахуалдың өзгеруінен кейін ғана кеңестік зерттеушілер әл-Фараби мұрасына кеңірек әрі кешенді тұрғыдан қайта оралу мүмкіндігіне ие болды. Ғылыми зерттеулердегі шектеулердің әлсіреуі ойшыл шығармаларын жаңа теориялық және тұжырымдамалық тұрғыдан қарастыруға жол ашты. Бұл кезеңде рационалдық ойлау, таным теориясы және ғылыми білімнің жүйеленуі мәселелеріне ерекше назар аударыла бастады. Зерттеулер енді тек аударма жасау немесе шығармаларды жинақтаумен шектелмей, әл-Фарабидің интеллектуалдық мұрасын жүйелі түрде талдауға бағытталды. Ғалымдар оның этикалық теориясы, саяси философиясы және логикалық әдіснамасы арасындағы өзара байланысты зерделей отырып, осы құрамдас бөліктердің біртұтас дүниетанымдық жүйе қалыптастыратынын көрсете бастады. Мұндай зерттеулер әл-Фараби философиясындағы дәстүр сабақтастығы мен жаңашылдықтың арақатынасын айқындап, ақыл-ой, қоғам және басқару мәселелерінің өзара байланысын түсінудегі оның идеяларының өміршеңдігін көрсетті (Қирабаев, 2021, 695–719-бб.).

Сонымен қатар фарабитанудың ғылыми бағыты тарихи, философиялық және салыстырмалы зерттеулерді қамтитын көпқабатты ғылыми

сала ретінде қалыптасты. Еуропадағы алғашқы жариялаңымдар әл-Фараби мұрасын сыни тұрғыдан зерттеудің негізін қаласа, кейінгі ғылыми еңбектер зерттеудің теориялық және әдіснамалық шеңберін кеңейтті. Бұл үдеріс әл-Фарабиді бір жағынан өзі өмір сүрген тарихи-мәдени орта аясында, екінші жағынан ежелгі философиялық мұра мен ортағасырлық ойлау жүйесінің арасындағы кең интеллектуалдық сабақтастық тұрғысынан қарастырудың маңызын көрсетті. Әл-Фараби мұрасын зерттеудің тарихи эволюциясы әртүрлі мәдени кеңістіктер арасындағы идеялардың берілу ерекшеліктерін ғана емес, оның философиялық тұжырымдарының ортағасырлық Еуропадан қазіргі академиялық дискурсқа дейінгі әртүрлі ғылыми парадигмалар жағдайында қайта түсіндіріліп, бейімделу мүмкіндігін де көрсетеді (Нысанбаев және Құрманғалиева, 2005, 480-б.).

Әл-Фарабидің бай философиялық мұрасын зерттеуде әлеуметтік философияға, әлеуметтік әділеттілікке және қоғамдық игілік мәселелеріне арналған еңбектер рационалдық ойлаудың көрінісі ретінде қарастырылады. Орта ғасырларда әл-Фараби жүйелі философиялық ойлауымен және ғылым тарихына қосқан жаңашыл үлесімен әлемдік ғылыми ойдың дамуына елеулі ықпал етті. Оның зерттеулері философия, логика, музыка теориясы, астрология, теориялық медицина, математика және мемлекет туралы ғылым сияқты әртүрлі салаларды қамтыды. Кейін оның идеялары Ибн Сина мен Ибн Рушд еңбектерінде одан әрі дамытылып, Спиноза философиясына, сол арқылы француз философиялық ойының қалыптасуына белгілі бір деңгейде ықпал етті. Осы тұрғыдан алғанда, әл-Фараби философиясы Таяу және Орта Шығыстағы ғана емес, Батыс Еуропадағы әлеуметтік-философиялық идеялардың дамуына да өзіндік үлес қосты (Хайруллаев, 1982, 123-б.; Нысанбаев және Құрманғалиева, 2005, 480-б.).

М.М. Хайруллаевтың пікірінше, әл-Фараби философиясы «XI–XIII ғасырлардағы Ибн Баджа, Ибн Туфайл және Ибн Рушд сияқты көрнекті ғалымдардың қалыптасуына негіз болған және араб Испаниясы мен Солтүстік Африкадағы әлеуметтік-философиялық ойдың одан әрі дамуына шешуші ықпал еткен» (Хайруллаев, 1982, 123-б.).

Осы мәселеге байланысты А. Нысанбаев пен Г. Құрманғалиеваның еңбегінде әл-Фараби философиясының кейінгі шығыс және батыс ойшылдарына ықпалы жан-жақты қарастырылады (Нысанбаев және Құрманғалиева, 2005, 480-б.).

XI ғасырдың соңы мен XII ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген әйгілі философ Ибн Баджа әл-Фарабидің бірқатар идеяларын одан әрі дамытты. Оның жеке тұлғаның кемелденуі мен бақытқа жету жолдарын қарастыратын «Жалғыздық жағдайындағы өмір салты туралы» еңбегінің қалыптасуына әл-Фараби философиясының ықпалы айқын байқалады. Әл-Фарабидің философиялық және логикалық көзқарастары Ибн Туфайлдың (1110–1185) дүниетанымына да әсер етті. Оның «Хай ибн Яқзанның хикаясы» атты шығармасынан әл-Фараби қалыптастырған ғылыми рационалдық ойлау қағидаларының ықпалын байқауға болады (Нысанбаев және Құрманғалиева, 2005, 480-б.).

Сонымен қатар әл-Фарабидің еуропалық ғылымға ықпалы оның ізбасарлары, әсіресе Ибн Сина мен Ибн Рушд арқылы жалғасты. XIII–XIV ғасырларда кең тараған аверроизм Батыс Еуропаның, соның ішінде француз және итальян философиялық ойының дамуына елеулі ықпал етіп, оның интеллектуалдық негіздерінің бірі не айналды. Батыс Еуропаның ортағасырлық көрнекті ойшылдары Р. Бэкон мен Д. Скотт өздерінің теориялық ізденістерінде әл-Фараби, Ибн Сина және Ибн Рушд еңбектеріне сүйенді. Спинозаның жекелеген трактаттарынан әл-Фараби еңбектерімен құрылымдық және мазмұндық ұқсастықтарды кездестіруге болады. Осман Амин секілді зерттеушілер әл-Фараби мен Спиноза философияларындағы тұжырымдамалық үндестіктерге назар аударса, И. Мадкур олардың ақыл-ой мен пайғамбарлық мәселелеріне қатысты идеяларындағы ұқсастықтарды атап көрсетеді (Нысанбаев және Құрманғалиева, 2005, 480-б.).

Әл-Фараби мен Спиноза философияларындағы ең маңызды идеялық үндестіктердің бірі олардың әлеуметтік-саяси көзқарастарынан көрінеді. Екі ойшыл да адамның бақыты, биліктің мақсаты, құрылымы мен қызметі, сондай-ақ мемлекеттің адамгершілік жауапкершілігі мәселелерін қарастырды. Спиноза да әл-Фараби секілді қоғам туралы теориясын адамның табиғи болмысына негіздей отырып, мемлекеттің негізгі міндеті жеке тұлғаның іс-әрекетін рационалды түрде бағыттау, оның әл-ауқаты мен еркіндігін қамтамасыз ету деп пайымдады. Әл-Фарабидің қоғамды жеке адамдардың ортақ мақсаттары мен ұмтылыстарын бірлесіп жүзеге асыратын әлеуметтік құрылым ретінде түсіндіруі Ж.-Ж. Руссоның қоғамдық келісім тұжырымдамасымен белгілі бір деңгейде үндеседі (Нысанбаев және Құрманғалиева, 2005, 480-б.).

Әл-Фарабидің таным теориясындағы білімнің интуициядан бастау алатынын негіздейтін қағидалар кейінгі кезеңдердегі Н. Кузанский, Ф. Шеллинг, А. Бергсон және Р. Штайнер философияларында дамыған кейбір идеялармен салыстыруға мүмкіндік береді. Ойшылдың адамды микрокосм, ал адамзат қауымын макрокосм ретінде қарастыруы Н. Кузанский, Г. Лейбниц және Г. Спенсер еңбектерінде кездесетін түжырымдармен идеялық түрғыдан сабақтас. Ақыл-ойға негізделген оның этикалық жүйесі бірнеше ғасыр өткеннен кейін еуропалық философияда, әсіресе И. Канттың моральдық философиясында көрініс тапқан бірқатар қағидалармен үндеседі (Нысанбаев және Құрманғалиева, 2005, 480-б.).

Әл-Фараби аристотельдік философияның Шығысқа таралуында шешуші рөл атқарды. Көптеген ортағасырлық зерттеушілер оны перипатетизм дәстүрінің негізін қалаушылардың бірі ретінде бағалайды. Оның Аристотель философиясына берген түсіндірмелері ортағасырлық еуропалық философиялық ойдың дамуына елеулі ықпал етті. Әл-Кинди, әл-Фараби, Ибн Сина және Ибн Рушд сияқты шығыстық перипатетиктер Аристотель шығармаларын талдап қана қоймай, ежелгі грек философиясының интеллектуалдық мұрасын шығармашылық түрғыдан дамытып, оның Еуропада таралуына жағдай жасады. Осы түрғыдан алғанда, әл-Фараби Шығыс пен Еуропаның интеллектуалдық дәстүрлерін жалғастырушы философиялық-мәдени көпір қызметін атқарған ойшыл ретінде бағаланады (Хайруллаев, 1982, 123-б.; Нысанбаев және Құрманғалиева, 2005, 480-б.).

Әл-Фараби философиясының еуропалық ойға ықпалы және Қазақстандағы фарабитану

Әл-Фараби мен Спинозаның әлеуметтік-саяси идеялары арасында елеулі теориялық үндестік бар. Екі ойшыл да адам бақыты, басқарудың мақсаты, құрылымы мен қызметі, сондай-ақ мемлекеттің этикалық жауапкершілігі мәселелерін қарастырды. Спиноза, әл-Фараби секілді, қоғам туралы өз түжырымдамасын адамның табиғи болмысына негіздей отырып, мемлекеттің негізгі міндетін адамдардың рационалды өмір сүруіне бағыт-бағдар беру, олардың игілігі мен еркіндігін қамтамасыз ету деп пайымдады. Ал әл-Фарабидің қоғамды жеке тұлғалардың ұмтылыстарының ұжымдық түрде жүзеге асу кеңістігі ретінде қарастыруы Ж.-Ж. Руссоның қоғамдық келісім түжырымдамасымен салыстырыла алады (Нысанбаев, Құрманғалиева, 2005, 480-б.).

Әл-Фарабидің таным теориясындағы білімнің интуициямен және ақыл-ой қызметімен байланысы кейінгі еуропалық философияда дамыған бірқатар идеялармен белгілі бір деңгейде үндеседі. Оның адамды микрокосм, ал адамзат қауымын макрокосм ретінде қарастыруы Николай Кузанский, Г. Лейбниц және Г. Спенсер еңбектеріндегі жекелеген түжырымдармен салыстырмалы түрде зерттелуі мүмкін. Сонымен қатар оның ақыл-ойға негізделген этикалық жүйесі кейінгі еуропалық философиядағы моральдық рационализмнің, соның ішінде И. Кант философиясының кейбір қағидаларымен салыстыруға негіз береді (Нысанбаев, Құрманғалиева, 2005, 480-б.).

Әл-Фараби Аристотель философиясын Шығысқа жеткізу мен қайта пайымдауда маңызды рөл атқарды. Көптеген зерттеушілер оны перипатетизмнің қалыптасуына зор үлес қосқан ойшылдардың бірі ретінде бағалайды. Әл-Кинди, әл-Фараби, Ибн Сина және Ибн Рушд сияқты шығыс перипатетиктері Аристотель еңбектерін талдап, ежелгі грек философиясының идеяларын исламдық интеллектуалдық кеңістікте шығармашылық түрғыдан дамытты. Осы түрғыдан алғанда, әл-Фарабиді Шығыс пен Еуропаның философиялық дәстүрлерін байланыстыратын маңызды интеллектуалдық дәнекер ретінде қарастыруға болады (Нысанбаев, Құрманғалиева, 2005, 480-б.).

XX ғасырдың басында әл-Фараби мұрасын Шығыстың рухани мәдениеті контексінде зерттеу жалғасты. Бұл кезеңде А. Мец, Л. Массиньон, Р. Блашер, А. Массе, Ф. Габриэли, Г. фон Грюнбаум, Ф. Коплстон және басқа да шетелдік шығыстанушылардың еңбектері жарық көрді. Сонымен қатар орыс шығыстанушылары мен философ-зерттеушілерінің, атап айтқанда И. Крачковский, Е. Бертельс және В. Бартольд еңбектерінің де маңызы зор болды. Әл-Фараби философиясына қатысты зерттеулер Англияда, Испанияда және АҚШ-та да жарияланды.

Әл-Фараби мұрасын әлем ғалымдары мың жылдан астам уақыт бойы зерттеп келеді. Оның еңбектеріне қызығушылық танытқан зерттеушілер қатарында Ибн әл-Надим, әл-Байһақи, Ибн әл-Кифти, Хаджи Халифа, Веницке, Камерарий және Генрих Зуттер сияқты ғалымдарды атауға болады. Әл-Фарабидің әлемдік мәдениет пен ғылымға қосқан үлесінің ауқымы Г. Сартон, Д. Беркал және А. Койре сияқты зерттеушілердің еңбектерінде арнайы негізделді. Музыка саласында әл-Фарабидің «Музыканың үлы кітабы» («Китаб әл-мусика әл-кабир») атты іргелі

еңбегі ерекше орын алады. Оның музыка теориясына қатысты мұрасы кейінгі зерттеушілер тарапынан, соның ішінде француз тіліндегі ғылыми басылымдар арқылы да кеңінен зерттелді.

Әл-Фараби мұрасын тек Шығыс пен Ресей ғалымдары ғана емес, Батыс зерттеушілері де жүйелі түрде қарастырды. Бұл бағытта американдық философ Николас Решердің еңбектері ерекше назар аударуға лайық. Питтсбург университетінің профессоры болған Решер әл-Фарабидің ғылыми мұрасын және оның шәкірттерінің интеллектуалдық ықпалын кеңінен зерттеді. Оның 1962 жылы жарық көрген *The Development of Arabic Logic* еңбегі және әл-Фараби шығармашылығына арналған библиографиялық зерттеулері ойшыл мұрасын зерттеудің халықаралық тарихын жүйелеуге маңызды үлес қосты.

Қазақстанда әл-Фараби мұрасын зерттеу XX ғасырдың екінші жартысында айтарлықтай дамыды. 1975 жылы Әбу Насыр әл-Фарабидің 1100 жылдығына арналған ірі халықаралық ғылыми конференциялар Мәскеу, Алматы және Бағдад қалаларында өткізілді. Бұл ғылыми іс-шаралар Қазақстандағы әл-Фарабитанудың халықаралық ғылыми байланыстарын кеңейтіп, Алматының әл-Фараби мұрасын зерттеудің маңызды ғылыми орталықтарының біріне айналуына ықпал етті (Хаван, 2019, 45-б.; Sandybayev, 2022, 78-б.; Suleimenov, Mollarbek, 2023, 56-б.; «Әбу Насыр әл-Фараби дәуіріндегі білім туралы көзқарастар», 2024, 12-б.; Hasanov, 2025, 34-б.; «Әл-Фарабидің адамзат туралы көзқарасы», 2024, 101-б.).

1975 жылы белгілі шығыстанушылар Б. Ғ. Ғафуров пен А. Х. Қасымжановтың Мәскеуде жарық көрген *«Әл-Фараби мәдениет тарихында»* атты еңбегі араб-мұсылман философиясы мен мәдениетін зерттеушілер арасында үлкен ғылыми қызығушылық туғызды. Бұл еңбек әл-Фарабидің Шығыс пен Батыс мәдениеттері арасындағы интеллектуалдық байланысты қамтамасыз етудегі рөлін пайымдаудың маңызды кезеңдерінің біріне айналды (Ғафуров, Қасымжанов, 1975, 8-б.). Кейін, 1982 жылы А. Х. Қасымжановтың «Мысль» баспасынан жарық көрген *«Әл-Фараби»* атты монографиясы ойшылдың философиялық идеяларын кеңінен танытуға ықпал етті. Сонымен қатар көрнекті жазушы және қоғам қайраткері Әнуар Әлімжановтың *«Ұстаздың оралуы»* романы қазақ оқырмандары арасында әл-Фараби тұлғасына деген қызығушылықтың артуына әсер етті.

Соңғы елу жыл ішінде Қазақстандағы әл-Фарабитану ауқымды ғылыми-зерттеу дәстүріне айналды. Кеңестік кезеңдегі қазақ зерттеушілерінің еңбектері сол уақыттағы идеологиялық шектеулер жағдайында жүзеге асқанымен, олардың ғылыми ізденістері әл-Фараби шығармаларын жинақтау, аудару, жариялау және насихаттау ісінің жүйелі негізін қалыптастырды. Бұл еңбектер Қазақстандағы және шетелдердегі кітапханалар мен ғылыми қорларда әл-Фараби мұрасын сақтауға, сондай-ақ кейінгі зерттеулер үшін деректік және теориялық база қалыптастыруға мүмкіндік берді («Әл-Фараби және Шығыстағы ғылым мен мәдениеттің дамуы», 1974, 104-б.; Нысанбаев, Құрманғалиева, 2005, 480-б.).

Әл-Фараби мұрасына деген ғылыми қызығушылық Қазақстанда философиялық, этикалық және әлеуметтік-саяси мәселелерді жаңа қырынан зерттейтін зерттеушілердің жаңа буынының қалыптасуына ықпал етті. 1991 жылы Қазақ мемлекеттік университетіне Әбу Насыр әл-Фарабидің есімі беріліп, университет тәуелсіз Қазақстанның жетекші ғылыми-білім беру орталықтарының біріне айналды. 1993 жылы профессор А. Х. Қасымжановтың басшылығымен Әл-Фараби орталығы құрылды. Орталықтың негізгі міндеттерінің бірі – әл-Фарабидің интеллектуалдық мұрасын зерттеу, ғылыми еңбектер мен монографиялар жариялау және оның философиялық идеяларын халықаралық ғылыми кеңістікке таныту болды.

Әл-Фараби мұрасын халықаралық деңгейде насихаттаудың маңызды оқиғаларының бірі – 2010 жылғы 18 қарашада Париждегі ЮНЕСКО штаб-пәтерінде өткен *«Әл-Фараби және Еуропалық өркендеу дәуірі»* атты дөңгелек үстел. Іс-шараны ақын әрі қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов ұйымдастырды. Оған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғалымдары мен Қазақстанның басқа да зерттеушілері қатысып, ойшыл мұрасының халықаралық ғылыми және мәдени маңызын таныстырды. Сонымен қатар әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ойшылдың өмірі мен шығармашылығын зерттеуге және насихаттауға бағытталған музейлік кеңістік қалыптастырылды.

Әл-Фараби мұрасын қазіргі философиялық тұрғыдан қайта пайымдауда оның этикалық және әлеуметтік-саяси идеяларының өзара байланысын ашудың маңызы зор. Ойшылдың философиялық жүйесінің өзегінде адам ақылды әрі моральдық болмыс ретінде қарастырылады. Ол адамның жеке және қоғамдық бақытқа жетуін интеллектуалдық және адамгершілік тұрғыдан жетілуімен байланыстырады. Бұл ретте ізгілік

тек жеке тұлғаның қасиеті ғана емес, қоғамдық қатынастарды ұйымдастырудың және мемлекетті басқарудың маңызды қағидасы ретінде танылады.

Осы мәселе қазіргі зерттеулерде де өз жалғасын тауып отыр. М. Б. Муратбеков, Б. М. Божбанбаев және Т. Х. Ғабитов әл-Фараби этикасындағы ізгілік ұғымын адамның моральдық жетілуімен қатар, қоғамдық тәртіп пен мемлекеттік басқарудың нормативтік негізін айқындайтын қағида ретінде қарастырады. Олардың зерттеуінде әл-Фараби үшін ізгілік адамның жеке қасиеті мен қоғамдық игіліктің арасындағы байланысты қамтамасыз ететін негізгі моральдық принцип ретінде түсіндіріледі (М. Б. Муратбеков, М. Б. Божбанбаев, Т. Х. Ғабитов, 2026, 576–601-бб.).

Әл-Фараби философиясының әлеуметтік мазмұнын зерттеуде еркіндік мәселесі де маңызды орын алады. Адамның еркіндігі оның ақыл-ойы, жауапкершілігі және қоғамдық ортадағы орны арқылы айқындалады. Н. С. Қирабаев пен А. В. Хрячков еркіндік мәселесін қазіргі философиялық дискурста тұлғаның жауапкершілігімен және әділетті қоғамдық қатынастарды қалыптастырумен байланыстырады (Н. С. Қирабаев, А. В. Хрячков, 2025, 504–519-бб.). Бұл ұстаным әл-Фарабидің адамды ақыл-ойы мен моральдық таңдау қабілетіне ие әлеуметтік субъект ретінде түсіндіруімен мазмұндық жағынан сабақтас.

Әл-Фараби философиясының шығыс перипатетизмі мен араб-мұсылман философиясының қалыптасуындағы орны Н. С. Қирабаевтың зерттеулерінде де арнайы қарастырылған. Ғалым араб-мұсылман философиясын рационалдық интеллектуалдық дәстүр ретінде талдай отырып, әл-Фараби еңбектерінде логика мен метафизиканың философиялық білімді ұйымдастыратын әмбебап әдіснамалық негізге айналғанын көрсетеді (Н. С. Қирабаев, 2021, 695–719-бб.).

Осы тұрғыдан алғанда, әл-Фарабидің философиялық мұрасын зерттеу тек тарихи-философиялық міндетпен шектелмейді. Оның бақыт, ізгілік, ақыл, еркіндік, әділеттілік, қоғамдық келісім және басқару туралы идеялары қазіргі жаһандану жағдайындағы әлеуметтік өзгерістерді түсіндіруге теориялық мүмкіндік береді. Әл-Фараби философиясының құндылығы оның белгілі бір тарихи кезеңнің шеңберінде қалмай, әртүрлі өркениеттер арасындағы интеллектуалдық диалогты жалғастыруға қабілеттілігінен көрінеді.

Осылайша, Әбу Насыр әл-Фарабидің мұрасы Шығыс пен Батыстың философиялық дәстүрлерін байланыстыратын тарихи көпір ғана емес, қазіргі философиялық ойдың маңызды теориялық ресурсы болып табылады. Оның шығармашылығын қайта пайымдау антикалық философияның ислам өркениеті кеңістігінде шығармашылық түрғыдан игерілуін, шығыс перипатетизмінің қалыптасуын, еуропалық интеллектуалдық дәстүрге ықпалын және Қазақстандағы әл-Фарабитанудың даму ерекшеліктерін біртұтас тарихи-философиялық үдеріс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Әбу Насыр әл-Фарабидің интеллектуалдық мұрасы бүгінгі күнге дейін әлемнің әртүрлі елдеріндегі зерттеушілердің тұрақты ғылыми қызығушылығын туғызып келеді. Қазақстандағы әл-Фараби мұрасын зерттеу жұмыстары осы көпғасырлық халықаралық ғылыми дәстүрдің заңды жалғасы болып табылады. Ойшылдың еңбектері арқылы ортағасырлық Еуропа антикалық Грекияның классикалық философиялық идеяларымен танысып, Шығыс пен Батыс арасындағы зияткерлік сабақтастықтың қалыптасуына ықпал етті. Әл-Фарабидің бірқатар трактаттары XII–XIII ғасырларда иврит және латын тілдеріне аударылып, оның философиялық идеяларының еуропалық интеллектуалдық кеңістікке таралуына мүмкіндік берді. Ал әл-Фараби мұрасын жүйелі ғылыми түрғыдан зерттеу XVIII–XIX ғасырларда жаңа сипат алып, оның философиялық жүйесін тарихи, мәтіндік және салыстырмалы түрғыдан зерделеудің негізі қаланды.

Әл-Фарабидің философиялық ойлары Еуропаның интеллектуалдық тарихына елеулі ықпал етіп, Батыс философиясының қалыптасуы мен дамуына өзіндік үлес қосты. Оның әлеуметтік-саяси түжырымдары, этикалық қағидалары, білім мен ақыл-ойдың табиғатына қатысты пайымдары кейінгі дәуір ойшылдарының еңбектеріндегі бірқатар идеялармен үндестік тапты. Атап айтқанда, әл-Фарабидің адам бақыты, ізгі қоғамдық тәртіп, мемлекеттің мақсаты және рационалды басқару туралы көзқарастарын Спиноза мен Руссоның әлеуметтік-философиялық идеяларымен салыстыра зерттеу олардың арасындағы теориялық сабақтастық пен құрылымдық ұқсастықтарды айқындауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері әл-Фараби философиясын тек тарихи-философиялық мұра ретінде қарастырумен шектелмей, оны қазіргі әлеуметтік және саяси философияның өзекті мәселелерін пайымдауға мүмкіндік беретін теориялық ресурс

ретінде бағалаудың маңыздылығын көрсетеді. Оның адамды ақылды әрі адамгершілік тұрғыдан кемелденуге ұмтылатын әлеуметтік субъект ретінде түсіндіруі, қоғамның ортақ игілікке негізделуі туралы тұжырымдары және биліктің моральдық жауапкершілігіне берген мәні қазіргі қоғамдағы еркіндік, әділеттілік, жауапкершілік және қоғамдық келісім мәселелерімен сабақтас.

Осы тұрғыдан алғанда, әл-Фарабидің философиялық мұрасы Шығыс пен Батыстың интеллектуалдық дәстүрлерін байланыстыратын маңызды мәдени-философиялық көпір қызметін атқарады. Оның шығармашылығын қазіргі заманғы тарихи-философиялық, салыстырмалы және пәнаралық әдістер негізінде қайта пайымдау әл-Фараби идеяларының әмбебап сипатын тереңірек ашуға мүмкіндік береді. Демек, әл-Фараби мұрасы өткеннің құнды интеллектуалдық ескерткіші ғана емес, қазіргі философиялық ойдың, мәдениетаралық диалогтың және адамзаттың рухани-интеллектуалдық дамуының маңызды теориялық негіздерінің бірі болып қала береді.

Автолаpдың қосқан үлесі

М. Б. Муратбеков – мақаланың жалпы ғылыми идеясын қалыптастырды және әл-Фараби философиясының теориялық-тарихи мәселелерін айқындады; зерттеудің негізгі тұжырымдарын тұжырымдауға және ғылыми нәтижелерді интерпретациялауға қатысты.

В. Н. Белов – әл-Фараби философиясының еуропалық философиялық оймен байланысына қатысты тарихи-философиялық материалдарды саралады, философиялық ұғымдар мен теориялық мәселелердің салыстырмалы талдауын жүргізді және мақаланың теориялық бөлімін дайындады.

Б. М. Божбанбаев – әл-Фараби мұрасының зерттелу тарихына қатысты әдебиеттерді жинақтап, жүйеледі; зерттеу әдіснамасын және ғылыми материалдарды құрылымдауға қатысты жұмыстарды атқарды; мақаланың нәтижелері мен талқылау бөлімдерін жазды, мәтінді редакциялап, соңғы нұсқасын дайындады.

Әдебиеттер

Баширов, А. (1974). Әл-Фарабидің англо-американдық шығыстанушылар еңбектеріндегі сопылықпен байланысы. *Әл-Фараби және Шығыстағы ғылым мен мәдениеттің дамуы* (100–104 бб.).

Бурабаев, М. С. (1985). Әл-Фараби ілімінің бұрынғы философияға қатынасы туралы. *Әл-Фараби: Тарихи-философиялық трактат* (8-б.). Ғылым.

Кирабаев, Н. С. (2021). XX–XXI ғасырлар тоғысындағы Ресейдегі тарихи-философиялық арабистика. *Вестник РУДН. Серия: Философия, 25*(4), 695–719. https://doi.org/10.22363/2313-2302-2021-25-4-695-719

Кирабаев, Н. С., & Хрячков, А. В. (2025). Еркіндік философиялық мәселе ретінде. *Вестник РУДН. Серия: Философия, 29*(2), 504–519. https://doi.org/10.22363/2313-2302-2025-29-2-504-519

Машанов, А. (1994). *Әл-Фараби және Абай*.

Мұхамедқожаев, А. (1974). Әл-Фараби және сопылық. *Әл-Фараби және Шығыстағы ғылым мен мәдениеттің дамуы* (30–34 бб.).

Муратбеков, М. Б., Божбанбаев, Б. М., & Ғабитов, Т. Х. (2026). Әл-Фараби этикасындағы ізгілік моральдық қағида ретінде. *Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Философия, 30*(2), 576–601. https://doi.org/10.22363/2313-2302-2026-30-2-576-601

Нысанбаев, А., & Құрманғалиева, Г. (Құраст.). (2005). *Әл-Фараби философиясы: Жиырма томдық*. Аударма.

Сандибаев, З. (2022). Әбу Насыр әл-Фарабидің этикалық философиясы. *Шығыстану мәселелері журналы, 101*(2).

Сүлейменов, П. М., & Молларбек, Е. Б. (2023). Ежелгі түркі руханияты және әл-Фараби: Қоғамдық ой сабақтастығы. *Шығыстану мәселелері журналы, 105*(2).

Хайруллаев, М. М. (1982). *Әбу Насыр әл-Фараби*.

Хасанов, М. Н. (2025). Әбу Насыр әл-Фарабидің ғылыми-философиялық мұрасының қазіргі заманда кемел адамды тәрбиелеудегі маңызы. *Biruni Journal, 4*(1).

Хаван, А. (2019). Әбу Насыр әл-Фарабидің діни көзқарастарын ғылымда зерттеу тарихынан. *Шығыстану мәселелері журналы, 90*(3).

Әбу Насыр әл-Фараби дәуіріндегі білім беру туралы көзқарастар. (2024). *Multidisciplinary Journal of Science and Technology, 4*(12).

Әл-Фарабидің адамзат туралы көзқарасы: Философиялық мұраны синергиялық тұрғыдан зерделеу. (2024). *E Global Congress, 24*.

References

Bashirov, A. (1974). Al-Farabidin anglo-amerikalyq shygystanushylar enbekterindegi sopylyqpen bailanysy [Al-Farabi's relationship to Sufism in the works of Anglo-American Orientalists]. In *Al-Farabi zhane Shygystagy gylym men madeniettin damuy* [Al-Farabi and the development of science and culture in the East] (pp. 100–104). [in Kazakh]

Burabaev, M. S. (1985). Al-Farabi iliminin buryngy filosofiyaga qatynasy turaly [On the relationship of Al-Farabi's teachings to previous philosophy]. In *Al-Farabi: Tarikhi-filosofiyalyq traktat* [Al-Farabi: Historical and philosophical treatise] (p. 8). Gylym. [in Kazakh]

Hasanov, M. N. (2025). Abu Nasyr al-Farabidin gylymi-filosofiyalyq murasynyn kazirgi zamanda kemel adamdy tarbieleudegi manyzy [The importance of Abu Nasr al-Farabi's scientific and philosophical heritage in educating a complete person today]. *Biruni Journal, 4*(1). [in Kazakh]

Khairullaev, M. M. (1982). *Abu Nasyr al-Farabi* [Abu Nasr al-Farabi]. [in Kazakh]

Khavan, A. (2019). Abu Nasyr al-Farabidin dini kozqarastaryn gylymda zertteu tarikhynan [From the history of the scholarly study of Abu Nasr al-Farabi's religious views]. *Shygystanu maseleleri zhurnaly* [Journal of Oriental Studies], *90*(3). [in Kazakh]

Kirabaev, N. S. (2021). Istoriko-filosofskaya arabistika v Rossii na rubezhe XX–XXI vekov [Historical and philosophical Arabic studies in Russia at the turn of the 20th–21st centuries]. *Vestnik RUDN. Seriya: Filosofiya* [RUDN Journal of Philosophy], *25*(4), 695–719. https://doi.org/10.22363/2313-2302-2021-25-4-695-719 [in Russian]

Kirabaev, N. S., & Khryachkov, A. V. (2025). Svoboda kak filosofskaya problema [Freedom as a philosophical problem]. *Vestnik RUDN. Seriya: Filosofiya* [RUDN Journal of Philosophy], *29*(2), 504–519. https://doi.org/10.22363/2313-2302-2025-29-2-504-519 [in Russian]

Mashanov, A. (1994). *Al-Farabi zhane Abai* [Al-Farabi and Abai]. [in Kazakh]

Mukhamedkhojaev, A. (1974). Al-Farabi zhane sopylyq [Al-Farabi and Sufism]. In *Al-Farabi zhane Shygystagy gylym men madeniettin damuy* [Al-Farabi and the development of science and culture in the East] (pp. 30–34). [in Kazakh]

Muratbekov, M. B., Bozhbanbaev, B. M., & Gabitov, T. K. (2026). Al-Farabi etikasyndagy izgilik moraldyq kagida retinde [Virtue as a moral principle in Al-Farabi's ethics]. *Vestnik Rossiiskogo universiteta druzhby narodov. Seriya: Filosofiya* [RUDN Journal of Philosophy], *30*(2), 576–601. https://doi.org/10.22363/2313-2302-2026-30-2-576-601 [in Kazakh]

Nysanbaev, A., & Kurmangaliyeva, G. (Eds.). (2005). *Al-Farabi filosofiyasy: Zhiyrma tomdyq* [Al-Farabi's philosophy: Twenty volumes]. Audarma. [in Kazakh]

Sandybayev, Z. (2022). Abu Nasyr al-Farabidin etikalyq filosofiyasy [The ethical philosophy of Abu Nasr al-Farabi]. *Shygystanu maseleleri zhurnaly* [Journal of Oriental Studies], *101*(2). [in Kazakh]

Suleimenov, P. M., & Mollarbek, E. B. (2023). Ezhelgi turki rukhaniyaty zhane al-Farabi: Qogamdyq oi sabaqtastygy [Ancient Turkic spirituality and Al-Farabi: Continuity of social thought]. *Shygystanu maseleleri zhurnaly* [Journal of Oriental Studies], *105*(2). [in Kazakh]

Abu Nasyr al-Farabi dauirindegi bilim beru turaly kozqarastar [Views on education in the era of Abu Nasr al-Farabi]. (2024). *Multidisciplinary Journal of Science and Technology, 4*(12). [in Kazakh]

Al-Farabidin adamzat turaly kozqarasy: Filosofiyalyq murany sinergiyalyq turgydan zerdeleu [Al-Farabi's view of humanity: A synergistic study of the philosophical heritage]. (2024). *E Global Congress, 24*. [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Мұратбеков Магжан – «Философия» білім беру бағдарламасының PhD докторанты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Достық даңғылы, 13, Алматы, 050010, Қазақстан Республикасы, e-mail: magzhan2001@gmail.com).

Белов Владимир Николаевич – философия ғылымдарының докторы, профессор, Онтология және таным теориясы кафедрасының меңгерушісі, Патрис Лумумба атындағы Ресей халықтар достығы университеті (РУДН) (Миклухо-Маклай көшесі, 6, Мәскеу, 117198, Ресей Федерациясы, e-mail: belov.vn@pfur.ru).

Божбанбаев Бауыржан Мұратбекұлы – философия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы (Панфилов көшесі, 127, Алматы, 050000, Қазақстан, e-mail: bbozhbanbaev@mail.ru).

Information about the authors:

Muratbekov Magzhan – PhD student in Philosophy, Abai Kazakh National Pedagogical University (13 Dostyk Avenue, Almaty, 050010, Republic of Kazakhstan, e-mail: magzhan2001@gmail.com).

Belov Vladimir Nikolaevich – Doctor of Philosophical Sciences, Professor, Head of the Department of Ontology and Theory of Knowledge, Patrice Lumumba Peoples' Friendship University of Russia (RUDN University) (6 Miklukho-Maklaya St., Moscow, 117198, Russian Federation, e-mail: belov.vn@pfur.ru).

Bozhbanbaev Bauyrzhan Muratbekovich – Candidate of Philosophical Sciences, Associate Professor, Temirbek Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts (127 Panfilov St., Almaty, 050000, Kazakhstan, e-mail: bbozhbanbaev@mail.ru).

Сведения об авторах:

Муратбеков Магжан – PhD-докторант по специальности «Философия», Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан, e-mail: magzhan2001@gmail.com).

Белов Владимир Николаевич – доктор философских наук, профессор, заведующий кафедрой онтологии и теории познания Российского университета дружбы народов имени Патриса Лумумбы (РУДН) (Москва, Российская Федерация, e-mail: belov.vn@pfur.ru).

Божбанбаев Бауыржан Муратбекович – кандидат философских наук, ассоциированный профессор Казахской национальной академии искусств имени Темирбека Жургенова (Алматы, Казахстан, e-mail: bbozhbanbaev@mail.ru).

Келіп түсті 02.03.2026
Қабылданды 06.07.2026